№ 08 (70) / Тамыз 2021 жыл / WWW.BILIMSHINI.KZ

# БІЛІМ ШЫҢЫ- ҒЫЛЫМ СЫРЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК, ТАНЫМДЫҚ, МӘДЕНИ-РУХАНИ ЖУРНАЛ



***ОМАРБЕК Мұхамедияр Әбілдаұлы,***
***Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы***
***Ордабасы аудандық «Төрткүл» жалпы орта мектебінің директоры***

## БІЛІМНІҢ ОРДАСЫ БОП ӨЛКЕМДЕГІ, МЕКТЕБІМ 90 ЖЫЛДА ӨРКЕНДЕДІ



# 2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН КҮНТІЗБЕ

### ҚЫРКҮЙЕК

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | | | |

### ҚАЗАН

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 |

### ҚАРАША

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| 29 | 30 | | | | | |

### ЖЕЛТОҚСАН

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | 31 | | |

### ҚАҢТАР

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | 1 | 2 |
| 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 |
| 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 |
| 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 |
| 31 | | | | | | |

### АҚПАН

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 28 | | | | | | |

### НАУРЫЗ

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 |
| 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 |
| 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 |
| 28 | 29 | 30 | 31 | | | |

### СӘУІР

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | |

### МАМЫР

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 1 |
| 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 | 15 |
| 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 | 22 |
| 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 | 29 |
| 30 | 31 | | | | | |

### МАУСЫМ

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 |
| 13 | 14 | 15 | 16 | 17 | 18 | 19 |
| 20 | 21 | 22 | 23 | 24 | 25 | 26 |
| 27 | 28 | 29 | 30 | | | |

### ШІЛДЕ

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 1 | 2 | 3 |
| 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 11 | 12 | 13 | 14 | 15 | 16 | 17 |
| 18 | 19 | 20 | 21 | 22 | 23 | 24 |
| 25 | 26 | 27 | 28 | 29 | 30 | 31 |

### ТАМЫЗ

| дүй | сей | сәр | бей | жұм | сен | жек |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
| 15 | 16 | 17 | 18 | 19 | 20 | 21 |
| 22 | 23 | 24 | 25 | 26 | 27 | 28 |
| 29 | 30 | 31 | | | | |

Демалыс    Жазғы мектеп    1сыныпта қосымша демалыс

**2021-2022 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдері**

**Құжатқа сай:**

- 2021-2022 оқу жылының басталуы — 2021 жылғы 1 қыркүйек;
- оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда — 33 оқу аптасы;
- 2-11 (12)- сыныптарда — 34 оқу аптасы.

**Оқу жылы ішіндегі каникул кезеңдері:**

- 1-11 (12) — сыныптарда күзгі каникул — 7 күн (2021 жылғы 1-7 қараша аралығында);
- қысқы каникул — 11 күн (2021 жылғы 30 желтоқсан мен 2022 жылғы 9 қаңтар аралығында);
- көктемгі каникул — 12 күн (2022 жылғы 19-30 наурыз аралығында);
- 1-сыныптарда: қосымша каникул — 7 күн (2022 жылғы 7-13 ақпан аралығында).

# БІЛІМ КҮНІ – БАҚЫТТЫҢ БАСПАЛДАҒЫ, АҚ АРМАННЫҢ БАСТАУЫ, АСҚАРЛАРЫ



***ЕСЕН Бақыткүл Артыққызы,***
***бас редактор***

Білім күні – елімізде бүкіл халық болып атап өтетін ғажайып мереке. Биыл бірінші сыныпқа қабылдау үшін 325 мыңнан астам өтініш түсті. 1 қыркүйек күні 325 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын алғаш аттап, күміс қоңыраудың сыңғырлаған сиқырлы үнін алғаш рет естиді. Білім күні оқушылар өздерінің сүйікті ұстаздарына гүл шоқтарын сыйлап, ыстық ықыластарын ұсынады, барша ұстаздарға бақ тілеп, ақ тілектерін көгершіндердей ұшырады. Ата-аналар да ұстаздарға алғысын жаудырады, ізгі тілегімен жүректерін жандырады. Білім күні – бақыттың баспалдағы, ақ арманның бастауы, асқарлары. Білім күні – естен кетпес ерекше мереке. Арманның асқарларына, білімнің биік шыңдарына бастайтын БІЛІМ КҮНІ мерекелеріңіз құтты болсын, құрметті ұстаздар қауымы.

Қазақстан бойынша барлығы 7 471 мектеп бар екен. Олардың ішінде шағын жинақты мектептер саны – 2 786. Барлық оқушы саны – 3,4 млн. Шағын жинақты мектептердегі балалар саны – 196,6 мың. Қазақстан бойынша мектептерде барлығы 367,7 мың педагог жұмыс істейді. Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деп ұстаздардың еңбегіне жоғары баға берген болатын. Ұранға айналған осы сөзді әрдайым есте сақтап, мұғалімнің мәртебесін биіктете береміз, еліміздің жарқын болашағына сенеміз.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2021-2022 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатында жаңа оқу жылындағы мектептердегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың жолдарын толығымен көрсеткені әр мұғалім үшін аса қажет ақпарат екені белгілі.

Сыныптан тыс жұмыстар мен тәрбиелік іс-шараларды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2021-2022 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынғаны да ұстаздар үшін үлкен көмек деп ойлаймын. Оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеуге игі ықпалын тигізетін мерейлі мерекелеріміз - Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 30 жыл, Семей ядролық полигонының жабылуына – 30 жыл, қазақтың аса көрнекті ағартушы-педагогі, жазушы, этнограф, фольклоршы, қоғам қайраткері Ы.Алтынсариннің туғанына – 180 жыл, қазақ халық поэзиясының әйгілі тұлғасы, өлең сөздің дүлдүлі, жырау, жыршы Жамбыл Жабаевтың туғанына – 175 жыл, қазақтың әйгілі күйші композиторы, Қазақстанның халық әртісі Дина Нұрпейісованың туғанына – 160 жыл, көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, ұлт-азаттық және Алаш жетекшісі, публицист, ғалым, аудармашы Әлихан Бөкейханның туғанына – 155 жыл, қазақ ақыны, әдебиеттанушы ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының туғанына – 150 жыл, қазақтың лирик ақыны Мұқағали Мақатаевтың туғанына – 90 жыл, көрнекті этнограф, жазушы, әдебиеттанушы ғалым, қоғам қайраткері Ақселеу Сейдімбектің туғанына – 80 жыл. Осындай ұлы мерекелерді бір жылда тойлап жатқан Қазақ Елі жас ұрпаққа тағылымды тәрбие үлгісін сіңіретініне сенімдіміз.

2021 жылғы 29 шілдеде Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовты қабылдады. Асхат Аймағамбетов Президентке дәстүрлі оқу форматына оралу үшін жүргізіліп жатқан ұйымдастыру шаралары туралы баяндады. Мемлекет басшысына «Білімді Ұлт» ұлттық жобасының дайындалуы, Жолдауда және Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында берілген Президент тапсырмаларының орындалуы жайында мәлімет берілді. Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің отырыстарында берілген тапсырмалардың 43 пайызы білім және ғылым саласына қатысты. «Оқуға құштар мектеп» жобасының аясында мектеп кітапханаларының қызметін қайта қалыптастыру және көркем әдебиет пен балалар әдебиетін сатып алу жұмыстары атқарылуда. Сонымен қатар Президент оқушылар арасында өтетін Халықаралық олимпиадалардың жеңімпаздарын қолдау шараларын әзірлеуді тапсырды.

1 қыркүйек – Білім күнінде жаңа оқу жылы басталады. Еліміздің білім саласы қазір қиын кезеңді бастан кешіруде. Ұстаздарымыз қандай қиындық болса да жеңеді деп сенеміз. Білім күні Ел бақытының бастауы бола берсін. Жас ұрпағымыз білімді болып өсіп, бақ жұлдызымыз жарқырап жана берсін.

# БІЛІМНІҢ ОРДАСЫ БОП ӨЛКЕМДЕГІ, МЕКТЕБІМ 90 ЖЫЛДА ӨРКЕНДЕДІ



*ОМАРБЕК Мұхамедияр Әбілдаұлы,*
*Түркістан облысы адами әлеуетті дамыту басқармасы*
*Ордабасы аудандық «Төрткүл» жалпы*
*орта мектебінің директоры*




«Туған жер – тұғырың, туған ел – қыдырың» деген дана халқымыз қаншама рухани қазынаны ұрпағына мұра етіп қалдырды. Әркімнің өз туған жерімен мақтанатыны сияқты мен де тамаша Төрткүл ауылында туылып, білім алып, еңбек етіп жүргенім үшін өзімді бақытты сезінемін. Төрткүл деген төрт қақпа деген мағынадағы сөз екен. Ұлы Жібек жолы бойындағы төрт қақпасы бар Төрткүл ауылы саудагерлер мен саяхатшылардың аялдап, тынығып алатын орны болыпты. Төрткүлдің тамаша тарихының талай сырын бойына жасырған Төрткүлтөбе енді зерттеле бастады. Болашақта талай тарихтың сыры ашылар, қаншама жаңалықтардың куәсі болармыз. Өмірде ешнәрсе ізсіз өтпейді. Төрткүл ауылындағы Төрткүл мектебінің өзінен 250-ге жуық ғалымның шыққаны да тегін емес деп ойлаймын. Ғылым мен мәдениеттің дамыған өлкесі болған Төрткүлдің болашағы да ғажайып болады деп сенемін.

Төрткүл мектебінің іргетасы 1929 жылы «Еңбекші бастауыш мектебі» болып қаланды. Сондықтан да биыл мектебімізге 90 жыл толып отыр. 1930 жылы осы мектептің негізінде «Төрткүл» бастауыш мектебі ұйымдастырылған, ал 1934 жылы «Төрткүл» жеті жылдық мектеп болып құрылды. 1956 жылы «Төрткүл» орта мектепке айналды. Қазіргі кездегі мектеп жайы 1966 жылы салынды. Мектепте компьютер, лингафон, мультимедиа кабинеті, техникалық жабдықтармен жабдықталған сынып бөлмелері бар.

90 жылдық тарихында мектебімізден шыққан 250-ге жуық ғалым Төрткүлдің де, мектебіміздің де атын бүкіл әлемге танытты деп мақтанышпен айта аламын. Мектебіміздің әр түлегі өзінің түлеп ұшқан алтын ұясымен мақтана алады деп ойлаймын. 1930 жылы «Төрткүл»







бастауыш мектебін ұйымдастырған Әнуар Жолшиевтың еңбегін ерекше атап өткім келеді. Мектептегі оқу-тәрбие жұмысының дұрыс жүйесін қалыптастыра білген ұлағатты ұстаз өз шәкірттерінің жақсы қабілеттерін де дәл анықтай білген. Бұл күнде бүкіл әлем мойындаған ғалым, "Төрткүл" жеті жылдық мектебінің алғашқы түлектерінің бірі Төлепбаев Бәйдібектің оқуға ерекше құштарлығын байқаған Әнуар Жолшиев «Сен баладан бірнәрсе шығады» деген екен. Қазір Төрткүл ауылындағы екі мектептің біреуіне Төлепбаев Бәйдібек ғалымның есімі берілген.

Біз әрдайым мектебімізден білім алып, арманның асқар шыңдарын бағындырған ғалымдарымызбен мақтанамыз. Бүгінде Төрткүлден түлеген ғалым түлектеріміз бүкіл әлемді мойындатып, ғылым мен технологияның дамуына үлкен үлес қосып келеді. Төлепбаев Бәйдібек Ахметұлы – Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, КСРО академиясының корреспондент мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, тарихшы. Омарбек Әбілда – Алматы «Дарын» әлеуметтік-гуманитарлық институтының құрметті доцент атағы берілген. Жаппаров Амангелді – педагогика ғылымдарының докторы, профессор. Уалбай Утмаханбетұлы – физика-математика ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі. Нагота мен Канн есебін шешкені үшін Америка математика қоғамының жоғарғы дәрежелі «Мур» сыйлығының иегері. Омарбекова Гүлнара Әбілдақызы – Назарбаев университетінің кафедра меңгерушісі. Досай Кенжетай Тұрсынбайұлы – философия және теология ғылымдарының докторы, профессор, ҚХТУ институтының директоры. Абдуллаев Кенже Қожахметұлы – ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ауыл шаруашылығы академиясының академигі. «А.И.Бараев атындағы астық шаруашылығы ҒӨО» ЖШС Бас директоры қызметін атқаруда. Байғонақов Досбол Сүлейменұлы – Қазақ Ұлттық энциклопедиясының авторларының бірі. ҚазҰУ-нің профессоры. Құлтасов Бекзатхан – PhD докторы, Қорқыт университетінің оқытушысы. Мерғалиев Батырхан – экономика ғылымдарының кандидаты. Темірбек Қойшиев – физика ғылымдарының кандидаты, техника ғылымдарының докторы. Күсебаев Уалихан Кәжіәкбарұлы – техника ғылымдарының кандидаты. Дәулетова Айнаш Серікқызы – филология ғылымының кандидаты. Қойшиева Тұрсынай Қосыбайқызы – физика-математика ғылымдарының кандидаты, ХҚТУ-нің профессоры. Балғабаев Әлімбай Мәдібекұлы – Қазақ Ұлттық аграрлық университетінің профессоры. Лира Қоныс Бөкейқызы – «Дарын» сыйлығының иегері, публицист, филология ғылымдарының докторы, Нью Йорк қалалық университетінің (City University of New York) профессоры т.б. Біз Төрткүлден шыққан тұңғыш генерал Қаныш Аубакиров та мектебіміздің түлегі деп мақтанамыз. Ол қазір мектебіміздің оқушыларына өзінің атындағы стипендия тағайындап, білім сапасын жақсартуға өз үлесін қосып келеді.



Мектебімізде оқу-тәрбие жұмысы жақсы жолға қойылған. 2016-2017 оқу жылы "Мирас" қоғамдастық моделі қалыптасты. Ол дамытушылық, зерттеушілік, үйлестіруші топтардан құрылған. Әр топ 10 мұғалімнен құрылған, мектептің жоғары және I-II категориялы мұғалімдері. Білім берудің жағдайын жақсартуда, мұғалімдеріміз өмір талабына сай шығармашылықпен және жаңа технологиямен жұмыс істеуде. Мамандарымыз үздіксіз өзін-өзі дамытып, шығармашылықтарын одан әрі шыңдау үстінде. Орыс тілі пәнінің мұғалімі, Қазақстан Республикасының құрметті қызметкері, педагог-шебер Лаура Қансейіт 2019 жылы «Үздік педагог» атанды. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Әуелхан Ботабай спорт саласында республикалық деңгейде үлкен нәтижелерге қол жеткізді. Ағылшын тілі пәнінен Швейцарияда оқып келген Майра Сейтжаппарова оқушыларға сапалы білім беріп келеді. Мектебіміздің барлық жетістіктеріне







ұстаздар қауымының қажырлы еңбегінің арқасында қол жеткізудеміз. Тынымсыз еңбектің нәтижесінде болар, шәкірттеріміз үздік көрсеткіштерімен қуантып жүр. Жас ұрпаққа сапалы білім, өнегелі тәрбие беруде мектептің педагогикалық ұжымы көптеген жетістіктерге қол жеткізді. «Ұлы дала ұрпақтары» XXXXYIII Республикалық ғылыми практикаға қатысып, III орын алғаны үшін, Жүнісбай Толғанай мен «Жас ғалым» номинациясы бойынша Ауесбек Елнұр марапатталды. 2019 жыл «Жастар жылы» аясында ұлдар арасындағы волейболдан Түркістан облысының чемпионатында «Төрткүл» жалпы орта мектебінің оқушылары 1-орынды иеленді. 2017 жылы Алдияр Мухтар мен Назарбек Нұрбек Семей қаласында өткен волейбол жарысынан бас жүлдені жеңіп алды. 2021 жылдың 2-9 мамыр күндері аралығында Нұр-Сұлтан қаласында волейболдан 7-8 сынып оқушылары (ұлдар) арасында өткен "Шұбар доп" Ұлттық мектеп лигасы жарысында "Төрткүл" жалпы орта мектебі Түркістан облысы атынан шығып, 1 орынды иеленіп, чемпион атанды. Жетекшісі дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Ботабай Әуелхан ағайымызбен бірге дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Рыштай Қайсар Нұр-Сұлтан қаласынан үлкен жетістік марапатымен оралды.

Мен педагогтар отбасында дүниеге келгендіктен ұстаздық жұмысқа бала кезімнен қызықтым. Әкем Омарбек Әбілда осы мектепті 20 жылдай басқарып, жақсы дәстүр қалыптастыра білді.Ауданымыздағы педагогтар династиясының еңбек өтілдерін есептегенде, біздің отбасымызда 250 жыл болып, екінші орынға ие болған едік. 1988 жылы М.Әуезов атындағы Шымкент педагогикалық институтының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығына түсіп, 1993 жылы бітірдім. 1993 жылдан бастап ОҚО Ордабасы ауданы «Төрткүл» жалпы орта мектебінде мұғалім болып жұмыс жасадым. 2001-2007 жылдары осы мектепте директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, 2007-2010 жылы М.Жұмабаев атындағы жалпы орта мектебінің директоры, 2010 жылы «Қарақұм» жалпы орта мектебінің директоры болып қызмет еттім. 28.12.2013 жылдан бастап «Төрткүл» жалпы орта мектебінің директоры қызметін атқарып келемін. Білім, тәрбие жолында еткен еңбектерім еленіп, ескерілді. Біршама жетістіктерге жеттім. Атап айтар болсақ, Қ Р Президенті Н.Ә. Назарбаевтың – «Алғыс хаты, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен, ОҚО әкімінің «Алғыс хаты», Аудан әкімінің «Алғыс хаты», ОҚО Білім басқармасының «Құрмет» грамоталары, Аудандық білім бөлімінің «Құрмет» грамоталарымен, ҚР Ауған соғысы ардагерлер бірлестігінің С.Рахымов атындағы медаль, ОҚО білім және ғылым комитетінің «Кәсіподаққа еңбегі сіңген» төс белгісімен, «Д.А.Қонаевқа – 100 жыл» медалімен марапатталдым. Ордабасы аудандық мәслихатының «Құрмет» грамотасымен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ педагогикалық шеберлік орталық директорының «Алғыс хатымен» облыстық «Нұр Отан» партиясының «Құрмет» грамоталарымен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталдым. 2017 жылы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Ы. Алтынсарин» атындағы төс белгіні иелендім.

2017 жылы ЭКСПО-ға барған түлектеріміз Бөрібек Мейіржан, Қалтай Абылайхан, Алтыбаев Бексұлтан қазіргі таңда, Әл-Фараби атындағы КАЗНУ-де білім алуда. Оның ішінде ерекше орны бар Бөрібек Мейіржан мектепті алтын белгімен аяқтап, IT мамандығы бойынша жақсы оқып білім алуда.

2020-2021 оқу жылында қашықтан оқыту өте күрделі жағдайда болды. Мектебімізде 1152 оқушы білім алуда. 3 «Педагог-шебер», 18 «Педагог-зерттеуші», 42 «Педагог-сарапшы», 18 «Педагог-модератор», жалпы 110 педагог оқушыларға сапалы білім беру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Биылғы мектеп бітіруші түлектердің ҰБТ тапсыру кезінде орта көрсеткіші – 75,9 баллды көрсетті. Мектеп бітіруші 2 оқушы «Алтын белгі» иегері, 4 оқушы «Үздік оқушы» атанды. 30 түлегіміз мемлекеттік грантқа ие болды. 2020-2021 оқу жылында мектеп ұжымы үшін де үлкен жетістіктер мен жеңістерге толы жыл болды. Себебі, мектебіміздің білікті ұстаздары мен білімді оқушылары көптеген байқаулар мен сайыстарға, олимпиадалар мен конференцияларға қатысып, үлкен жетістіктерге қол жеткізіп, ұжым абыройын асқақтатты. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» деп дана халқымыз айтқандай, осы орайда ұжымымыздағы ұстаздардың еңбектері мақтанарлықтай. Мектебіміздегі білікті ұстаздардың озық іс-тәжірибесі аудандық, облыстық, республикалық көлемде таратылған. Биология пәні мұғалімі Құлымбетова Ақботаның іс-тәжірибесі ауданға, орыс тілі пәні мұғалімі Кансейтова Лаураның еңбегі облысқа, математика пәні мұғалімі Түгелбай Төлегеннің еңбегі республикаға, математика пәні мұғалімі Құрасынова Ғазизаның еңбегі республикаға, биология пәні мұғалімі Бектурова Элмираның еңбегі ауданға таратылды.

Республикалық «Балдәурен-Қапшағай» лагерінде өтетін ауыл балалары үшін «IQanat»(Айқанат) олимпиадасының 3-ші республикалық турында мектебімізден 2 оқушымыз жеңімпаз атанып, 8 сынып оқушысы Құдайберген Зинара және 9 сынып оқушысы Иса Маржан білім додасына қатысып, волентер мәртебесіне ие болып, олимпиаданың тәлімгерлік жұмыстарын атқаруда. «Мың бала» Ұлттық олимпиадасынан 5 сынып оқушысы Мыңбай Дархан және 6 сынып оқушысы Жансейіт Ақниет сынды 2 оқушымыз жүзден жүйрік шығып, жеңімпаз атанды.

11 «А» сынып оқушысы Бөрібек Мұхамеджан ғылыми жетекшісі, физика пәнінің мұғалімі Болғанбай Бауыржанның жетекшілілігімен «Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» инновациялық идеялар байқауында «Баламалы электр энергия өндіру бағыты» бойынша аудандық, облыстық байқауларынан жүлделі орындар алып, Республикалық байқауынан II дәрежелі дипломмен марапатталды. «Армансыз адам қанатсыз құспен тең» дейді дана халқымыз. Мен Төрткүл орта мектебінің тарихын жазсам деген арман жолында 20 жылдай еңбек етіп келемін. Мектебіміздің 90 жылдық мерейтойы қарсаңында кітаптың алғашқы нұсқасын шығаруды жоспарлап отырмыз. Білімнің ордасы боп өлкемдегі, мектебім 90 жылда өркендеді. Мектебіміздің кіре берісіндегі қабырғаға керемет сурет іліп қойғанбыз. Онда Төрткүл мектебі, сәл биігінде Назарбаев және Гарвард университеттері бейнеленген. Бұл – Төрткүл мектебінің түлектері Назарбаев және Гарвард университеттеріне түсе берсін деген АРМАН. Армандар орындала берсін!

# Ұстаз өмірі - ұрпаққа өнеге



«Отан отбасынан басталады» дейді дана халқымыз. «Отаның үшін отқа түс, күймейсің» деп жауынгерлерін жеңіске бастаған батыр Б.Момышұлы. Қазіргі Қазақ Елінің жас ұрпағы Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың «Біз бәріміз бір атаның – қазақ халқының ұлымыз. Бәріміздің де туған жеріміз біреу – ол қасиетті қазақ даласы. Бұл дүниеде біздің бір ғана Отанымыз бар, ол – тәуелсіз Қазақстан» деген сөзін жаттап өсуі керек деп ойлаймын. Биыл біз тәу етер тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейлі мерекесін атап өтеміз. Тәуелсіздік жылдарында толағай табыстарға қол жеткізіп, Отанымызды гүлдендірдік. Білімнің биік шыңдарын бағындырып, жарқын болашағымыздың берік негізін қаладық. Отанымыздың болашағы отансүйгіш жас ұрпағымызға байланысты екені белгілі. Отан қорғау – ұлы міндет. Жас ұрпақты Отан қорғауға үйрету баршамыздың міндетіміз болып табылады. Дегенмен оқушыларды отансүйгіштік рухта тәрбиелеп, оларға әскери дайындықтың алғашқы сабақтарын өтетін мектептегі Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдерінің еңбегі ерекше деп ойлаймын.

Білім беру саласында тәжірибелі де білімді, өз мамандығының кәсіби шебер ұстаздары жетерлік. Солардың бірі Түркістан облысы Созақ ауданы Таукент қалашығындағы І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебі Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі Нұрлыбеков Орынбек Тоқбайұлы ұзақ жылдар бойы ұстаздықтың ұлы жолында өзінің ерен еңбегімен ел құрметіне бөлене білді. Өз ісіне берілген, шәкіртінің жанына нұр құя білген Орынбектей ұстаздың өмірі – болашақ үшін үлкен өнеге.

Орынбек Тоқбайұлы 1961 жылы 15 тамызда Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сызған ауылында дүниеге келген. 1978 жылы Сызған ауылындағы Ғани Мұратбаев атындағы орта мектепті бітіріп, 1979-1981 жылдары әскер қатарында азаматтық борышын Ресейдің Арзамас қаласында атқарады. 1983 жылы Қарағанды қаласындағы педагогикалық институтының Алғашқы әскери дайындық және дене тәрбиесі факультетіне түсіп, 1987 жылы ойдағыдай аяқтайды. 1987 жылдан қазіргі кезге дейін Түркістан облысы, Созақ ауданы, Таукент қалашығындағы І.Кеңесбаев атындағы жалпы орта мектебінде Алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімі болып қызмет атқарып келеді. Әскери шені запастағы капитан. Талай шәкірттерді мектеп қабырғасынан үлкен өмір жолына аттандырды. Олар еліміздің түкпір-түкпірінде әр салада жақсы қызметтер атқаруда. Шәкірттерінің алдыңғы буыны қазір Қазақстан Республикасының Жоғарғы Академиясында сабақ береді. Орынбек Тоқбайұлы мектепте қазақтың ұлттық ойыны тоғызқұмалақтан жаттықтырушы болып, үлкен жетістіктерге қол жеткізді. Оқушылары аудандық, облыстық, республикалық түрлі сайыстар мен спартакиада да жүлделі орындарға ие болған.

Ол тек қана ұстаз ғана емес, өз отбасының бәйтерегі. Жолдасы Жұбанова Қалимаш екеуі бауырларына қашанда көмек қолын ұсынатын таза жүректі, мейірімді жандар. Жұбайы осы мектепте мектеп директорының орынбасары қызметін атқарады. Ұлдары жоғарғы білімді. Үлкен ұлы Нұркен Нұрлыбеков Америка Құрама Штаттарында университет бітірген. Қазір Алматы қаласында білім саласында, екінші ұлы Еркін Нұрлыбеков Франция мемлекетінде университет бітірген. Алматы қаласында шетелдік компанияда сарапшы-экономист болып қызмет атқаруда. Төрт немеренің атасы. Ұстаздық қызметіндегі жемісті еңбегі үшін аудандық, облыстық білім басқармалары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамоталары және Мақтау қағаздарымен, аудандық, облыстық Қорғаныс істері жөніндегі бөлімдердің Алғыс хаттары және мерекелік медальдарымен марапатталған. Ұстаздық қызметті абыроймен атқарып, жастарға әрдайым үлгі болған Орынбек Тоқбайұлын 60 жасқа толған мерейлі мерекесімен құттықтай отырып, мәртебеңіз әрдайым биік бола берсін деген тілегімізді білдіреміз. Шәкірт деп атты, Ұстаз, ақ таңыңыз, 60 жас құтты болсын, бақ табыңыз!

***Анар Орақбай***

# КІТАПХАНАДАҒЫ ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ КӨПШІЛІК ЖҰМЫС ФОРМАЛАРЫ



*БЕЙСЕХУЛОВА Эльмира,*
*Созақ аудандық орталық кітапхананың кітапхананы дамыту бөлімшесінің басшысы.*

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру үшін мектеп кітапханашыларына үлкен жауапкершілік жүктеледі. Біліктілік деңгейіне байланысты кітапханашылардың жалақыларының жоғарылатылатыны да қуанышты жағдай. Осы орайда кітапханашыларға өз біліктілігін арттыруы үшін әдістемелік құрал қажет екені белгілі. Түркістан облысы, Созақ ауданы орталық кітапханасының кітапханашысы Бейсехулова Эльмира Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті біліктілікті арттыру орталығы өткізген «Санатыңды көтер, ұстаз!» атты 72 сағат көлеміндегі біліктілікті арттыру курсына қатысып, «Креативті кітапханашы. Кітапханадағы инновациялық әдістер» тақырыбындағы әдістемелік құралды дайындады. Креативті кітапханашы болудың жолдарын ұсынған Бейсехулова Эльмираның бұл шығармашылық еңбегінде заманауи пайдалы кеңестер айтылады.

Жаңашыл идеялар жазылған еңбекте кітапхана жұмысының қазіргі таңдағы өзекті мәселелерін оңтайлы шешудің жолдары көрсетілген.

АКТ-ның кітапхана жұмысында пайдалануға болатын тиімді платформалары ұсынылады. Қолданылатын платформалардың нақты тиімділігі көрсетіліп, дәлелдер арқылы анық көрініс табады. Біз бүгін мектеп кітапханашылары үшін аса маңыздылығын ескере отырып, әдістемелік құралдың «Кітапханадағы жаңа инновациялық көпшілік жұмыс формалары» бөлімін толығымен жариялап отырмыз.

Жаңаша іс-шаралар – кітапхана жұмысының тиімді нысаны болып табылады. Жаңаша шаралар өткізу арқылы кітапханашылар өзін шығармашыл тұлға, өз ісінің шебері ретінде танытады және оқырмандарды кітап оқуға тартады. Дәстүрлі қызмет түрлерімен қатар инновациялық жұмыс түрлерін де қолдануда.

**Арт-кездесу** – шығармашылыққа қызығушылық танытатындар, яғни музыка, кескіндеме, би немесе фотосуретке қызығушылықтары барлар үшін ұйымдастырылады. Арт-кездесу – оқырмандардың өз таланттарын көрсету, шығармашылық белсенділіктерін арттыру, өзінің жаңа жақтарын ашу үшін тамаша орын.

**Библиографиялық патшалық** – әртүрлі библиографиялық жұмыстың жиынтығы. Бұл шарада библиографтар өздерінің барлық жұмыстарын ашып көрсете алады. Әртүрлі тапқырлық ойындарын ұйымдастырып, библиографиялық құралдарды таныстырып, оқырмандарды картотекалармен жұмыс жасауға баули алады.

**Библиокафе** – бұл мәдени демалу орны және кітап оқуды ұнататындар арасындағы қарым-қатынас орны. Кітапхана қызметкерлері «Библиокафеге» келушілерді әр түрлі талғамға сай кітаптармен таныстырады. Бұл жерде оқырмандар кофе іше отырып, өздеріне қызықты кітаптар туралы талқылайды.

**Библио-керуен** – бағдарламасы, жүру бағыттары және топтың мүшелері белгіленеді. Белгіленген күні, жүру бағытымен мәдениет, кітапхана, мектептердің көрнекті жерлеріне үндеулер ілініп, дайындалған слайд-көрсетілімдер, фильмдер көрсетіліп, зияткерлік ойындар өткізіледі.

**Библио-кросс** – кітаптарды белгілі бір тақырыпта немесе белгілі бір уақыт аралығында оқуға тартуға бағытталған акция.

Ең көп кітап оқыған оқырман жеңімпаз атанады.

**Библиотерапия** – кітап арқылы емдеу (гректің biblion – кітап және therapeia – емдеу) мағынасын білдіреді. Библиотерапия – жалпы медицина және психотерапияда терапевтік құрал ретінде оқуға іріктеліп алынған материалдарды пайдалану арқылы адамның сауығуына, психологиялық жағдайының тұрақтануына кітап оқу арқылы әсер ету.

**Буккросинг** – кітапхана алаңының әр жерлеріне кітаптары бар сөре, үстелдер қойылады. Қонақтарға ұнатқан кітабын алуына рұқсат беріледі, тек ол оқып болғаннан кейін кітапты буккросинг белгісі бар кез келген жерге (кафе, дүкен, кітапхана алдындағы сөре, аялдама) қайтаруы қажет. Оқырман оқыған кітабы туралы өз ой-пікірін кітапхананың электронды поштасына жіберуге болатыны ескертіледі, кітаптың бетінде буккросинг ұйымдастырылған жерлердің

мекен-жайлары мен кітапхананың электронды поштасының мекен-жайы көрсетілуі тиіс.

**Буктрейлер (ағыл. booktrailer)** – бұл кез-келген кітап туралы еркін көркем нысанда баяндайтын қысқа бейне. Мұндай роликтердің мақсаты – жаңа шыққан кітаптарды жарнамалау және оқуды насихаттау, кинофильмдерге арналған трейлерлерге тән көрнекі құралдардың көмегімен оқырмандар назарын кітаптарға аудару. Әдетте, буктрейлердің ұзақтығы 3 минуттан аспайды. Мұндай роликтер қазіргі заманғы кітаптарға да, әдеби классика болған кітаптарға да түсіруге болады.

**Бақыттың кілті өз қолымызда** – іскер қыз-келіншектер имидж-студиясы. Кітапты сүйіп оқитын іскер қыз-келіншектермен кездесу. Барлық әйелдер үшін әйелдер жайлы көрмелер, сұрақ-жауап ойындар, слайд-шоу, бейнебаяндар ұйымдастыруға болады.

**Вернизаж** – планшеттерге көркем шығармалардың репродукциясы ілінеді және қатысушылар суретшінің өмірі, сүрген ортасы, суреттік тарихы туралы суреттейді.

**Виртуалды саяхат** – қашықтан пайдаланушыларды кітапханаларды, мұражайларды, тарих және көрнекі орындарды таныстыруға арналған 3D бейнебаян түрінде дайындалған танымдық, деректі экскурсия. Сонымен қатар, кітапханаларда инновациялық жұмыстың көптеген түрлері – диалог-шолу, ойын саяхат, слайд-шоу, медиа-таным, экспресс-тренингтер, онлайн – тестілеу, коллоквиум, веб-викториналар т.б. өткізіледі.

**Ғажайып кітап** – топтық практикалық жұмыс. Әр топқа өз шығармашылығымен белсенді жұмыс жасауына түрлі-түсті қағаздар, стикерлер, желімдер, қайшылар, степлерлер, маркерлер берілді. Топтық жұмыс қатысушылардың бір-бірімен қоян-қолтық араласуына, бір-бірімен жақын танысуына әсерін тигізеді. Әр топ мүшелері ортаға шығып, құрастырған кітаптарына «Жарнама» жасап насихаттайды, осы кітапты оқуға оқырмандардың қызығушылығын арттырды.

**Импровизация кеші** – шараға қатысушы – оқырмандардың қызығушылығын тудырған тақырыптары (әдебиет, өнер, музыка және т.б.) бойынша еркін диалогты түрде әңгімелесу.

**Кітап арқылы мейірім әлеміне** – әлем және ұлт әдебиетінің озық үлгілеріндегі мейірім және ізгілік тақырыптарын таныту, оқыту арқылы рухани тәрбие беру жұмыстарын дамыту. Жұмыс аясында «Сенің ата-анаң оқыған кітаптар сәулесі...» – ретро-көрмелер шеруі, «Нұр шуақты кітаптар...» – ізгілік дәрістері. «Әлем жанарындағы мейірім...» – мейірімді шаралар күнін өткізу. Кітаптағы мейірім мен ізгілік тақырыптары арқылы рухани тәрбие беру, ата-аналар мен жасөспірімдердің қарым-қатынасын нығайтуға ықпал ету, жасөспірімдердің бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін дарыту көздері молаяды, қоғамдағы келеңсіз жағдайларды алдын алу нығаяды.

**Креативті кітапханашы** – кітапханашының жеке шығармашылығын ынталандыру, кәсіби дамуының сапасын арттыру. Кітапханашылардың көрме жасаудың дәстүрлі әдістерін дамытуда ынтасы артады, ересек оқырмандармен жұмыстағы бір сарындылық кемиді, жасөспірімдерді оқуға тартудың жаңа тетіктері іске қосылады. Жасөспірімдер талабына сәйкес қызықты тақырыптар, сценарийлер дайындауда тың ойлар дамиды. Мысалы: «Менің идеям - менің жұлдызды көрмем», «Көрме жасаудағы креативті әдістер», «Әр адам өз өмірінің авторы» – қазіргі жасөспірімдер талабына сәйкес әдебиеттерді ұсынудың жаңа түрлеріне шолу.

**Кітаптар дефилесі** – әдеби кейіпкерлердің жарқын, әдемі костюмдерінде қатысушылардың серуені. Кітаптың дефиляциясына арналған модельдер сюжеттер мен көркем әдебиеттің кескіндерінің әсерінен таңдалады және белгілі бір жазушының немесе белгілі бір әдеби туындыны бейнелейді. Дефилені ақын-жазушылардың кітаптарын таныстыру мақсатында кітап мұқабаларынан да жасауға болады.

**Кітапхана портреті виртуалды әлемде** – кітапхана тынысы бейнебаяндарда – кино зал. Әр жылдарда өткізілген кітапхана жұмыстарынан бейнебаяндар даярлап, коворкин орталығында көрсету. Оқырманмен тығыз қарым-қатынас жасау аясында бейнебаяндарға талдау жасау.

**Қонақжай иесі – кітапханашы** – кітапхананың беделін көтеру кітапханашының қолында. Қонақжай кітапсүйер қауымға, кітапхананың жаңа оқырманына, әдебиетшілерге, кітаппен дос отбасыларға арналған сырласу кештері, әдеби жүздесулер, мерекелер ұсыну. Қызықты кештермен, тартымды тақырыптармен қонақтардың ілтипатына ие болу.

**«Либмоб» акциясы** – ауыл тұрғындарының кітапханаға жол туралы блиц-сауалнамасы. Кітапханаға жолды кім біледі, сол адамға сый ретінде кітап беріледі. Ал кім білмейді сол адамға кітапхананың мекен-жайы мен байланыс ақпараты бар күнтізбе беріледі. Көңілді акция-ойын, сөзсіз, кітапхана имиджін арттырады.

**Менің туған күнім кітапханада** – оқырман туған күнін кітапхана оқырмандарымен бірге кітапханада мерекелеу. Туған күн иесіне арнайы кітап көрмесі жасалады. Кітаптағы ізгі ниеттер арқылы рухани тәрбие беру, ата-аналар мен жасөспірімдердің қарым-қатынасын нығайтуға ықпал ету, жасөспірімдердің бойына адамгершіліктің асыл қасиеттерін дарыту көздері молаяды. Туған күн иесіне кітапхана мен оқырмандар атынан сыйлық беріледі.

**Ностальгия** – өткенге арналған ойын-сауық публицистикалық сипаттағы іс-шара. (Мысалы, «Бұрын танымал болған кітаптар», «Ұмытылған кітаптар», «Менің ата-анам оқыған кітаптар» және т.б.).

**«Оқырман рекордтары» конкурсы** – Бұл байқау оқуды белсендіруге бағытталған. Жыл жеңімпаздары кітапхана мамандарының оқырман талғамына сай номинациялар бойынша анықтайды:

«Адал дос» (көп жылдан берГі кітапхана оқырманы);

«Библиомарафонец» (белгілі бір уақыт ішінде





кітапханаға ең көп келген адам);

«Әдеби гурман» (ең үздік әдебиеттерді оқитын оқырман);

«Премьер-оқырман» (тек жаңа түскен кітаптарды оқитын оқырман);

«Жомарт сыйлаушы» (кітапханаға ең көп кітап сыйлаған);

«Таңғажайып оқырман» (кітапханашыларды таң қалдырушы оқырман) және т.б.

Онлайн конференция – мақсаты екі интернет-аудиторияның бір-бірімен интернет жүйесінің коммуникациялық бағдарламалар құралдары арқылы тікелей сұхбаттасу мүмкіндігі.

Кітапхана жұмысында көпшілік шаралар өткізуде кеңінен қолдануда.

Онлайн кештер – Әдебиетті насихаттаудың ұтымды жолы. Кештерді тақырыбы мен мазмұнына қарай: кездесу кеші, танымдық кеш, әдеби музыкалық кеш, әдеби портреттік кеш т.б. өткізуге болады.

**Паблик рилейшиз** – қоғаммен байланыс пиар. Бұл кітапхананың қарым-қатынасын дамыту мен қамқорлығын көрсету Паблик рилейшиз шарасына әлеуметтік жобалар кіреді, көрме циклдері, акциялар, флешмобтар, флешбуктар, жаңа басылымның тұсау кесерлері. Ең керекті хабар БАҚ, Әлеуметтік желі блогерлері.

**Памфлет кеші** – кеште көкейтесті публицистикалық туындыны (азаматтық, әлеуметтік-саяси) насихаттау түрі. Памфлет түрлі көркем жанрларда (пьеса-памфлет, роман-памфлет) болады. Памфлет кешін өткізудің мақсаты – адам өміріне зиян келтіретін әдеттерді көріністер арқылы айыптау. Осы кеште бос уақыттарын өздерінің қызығушылығына сәйкес тиімді өткізетін адамдармен кездесу, әңгімелесу.

**Печа-Куча (Pecha Kucha)** – жобалар мен идеялардың қысқа, шектеулі уақыт аралығында, PechaKucha Nights бейресми конференцияларында баяндалатын дербес тұсаукесерлер. Сөйлеуші 20 слайдтан тұратын тұсаукесер-баяндамасын ұсынады. Әр слайд 20 секундтан көрсетіледі де, автоматты түрде келесі слайдқа көшіріледі. Осылай баяндама уақыты 6 минут 40 секунд немесе 6 минутқа шейін шектеледі. Баяндамалар бірінен соң бірі ұсынылады. Олардың саны әдетте 8 бен 12-ге дейін болады.

**Семинар-тренинг** – қызметкерлерді оқытудың интеграцияланған түрі, онда семинардың дәстүрлі түрімен қатар кітапхана қызметкерлерінің біліктілігін жоғарылату элементтері және мәселелік оқытудың әдісі ретіндегі тренинг элементтері біріктірілген. Кітапхана тәжірибесінде кітапханаға жаңа технологияларды енгізу бойынша, қазіргі басқару принциптеріне (стратегиялық жоспарлау мен жобалау, қызметкерлерді басқару) үйрету

бойынша семинар-тренингтер кең қолданыста ие.

**Webinar – Вебинар (онлайн семинары немесе онлайн курсы).** Онлайн семинары (онлайн курстары) – тұсау кесер, лекциялар, семинар немесе курс, вебтехнологиялар көмегімен нақты уақыт режимінде ұйымдастырылады. Вебинар (онлайн семинары немесе онлайн курсы) кезінде әр қатысушы өз компьютері қасында болады, ал бір-бірімен қатынас ғаламтор арқылы жүргізіледі. Қазіргі таңда онлайн форматты платформада кітапханалық жұмыстарды виртуалды насихаттауда әлеуметтік желі беттерінде жан-жақты жариялауға болады. Әлеуметтік желі бетіне жарияланатын кітапханалық жұмыстарды инновациялық бағытта креативті дамытып жасауға мол мүмкіндіктер жасалған. Әр маман өз жұмысын креативті ойлау мақсатында көрсетуде жоғарғы бағаға ие бола алады. Ол үшін жан-жақты онлайн курстарға, мастер класстарға қатысып, білімін көтеріп отыруы шарт.

# ҚМЖ:

## БАРЛЫҒЫ ДА ОҚУ МАҚСАТТАРЫНАН ТУЫНДАЙДЫ



***ӘЛІМОВ Асхат,***
***«Назарбаев зияткерлік мектептері»***
***ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының аға менеджері,***
***ф.ғ.к., доцент.***
***Алматы қаласы***

Сабақтың басты міндеті – оқу мақсатын жүзеге асыру болғандықтан, сабақ жоспары толығымен оқу мақсаттарынан туындайды. Сабақ мақсаты да, бағалау критерийлері мен тапсырмалар да осы бағытта құрастырылады. Бұл туралы әр пәннің оқу бағдарламаларында былайша жазылған: «Нақты пән бойынша күнделікті білім беру үдерісінің мазмұны оқу мақсаттарына бағынады және оқушылардың меңгерген білім, білік және дағдыларын кез келген оқу үдерісінде және өмір жағдаяттарында шығармашылықпен пайдалану даярлылығын қалыптастыруға, жетістікке қол жеткізуде қажырлылықты дамытуға бағытталған, өмір бойы білім алуға ынталандырады».

Осыған орай **оқу мақсаттарын мемлекеттік стандарт, өзгертуге болмайтын инвариант деп түсінген орынды**. Оқу мақсаттары оқу бағдарламасы (ҰМЖ) негізінде құрастырылған күнтізбелік-тақырыптық жоспардан алынады. Оқушылардың барлығы да оқу мақсаттарына жетуі міндет. Сондықтан мұғалімнің шешімі бойынша оқу мақсаттары бір немесе бірнеше сабақта қарастырылуы мүмкін.

***ОҚУ МАҚСАТТАРЫН САБАҚ МАҚСАТТАРЫНА АЙНАЛДЫРУ***

**Сабақ мақсаты дегеніміз оқушылардың сабақ нәтижесінде (40 минуттан кейін) үйренетін дағдылары, білік пен білімі, оқушының сабақ бойы жасаған жұмысының нәтижесі. Сабақ мақсаты оқушының сабақта (40 минут барысында) не жасағанын көрсетпей, оның сол әрекеттерді орындау нәтижесінде (сабақ соңында) не үйренетіндігіне болжау жасайды.** Оқушылардың әрекеттері Блум таксономиясының деңгейлері бойынша белгіленеді.

Сабақ мақсаттары оқу мақсаттарының негізінде жасалады. Мұнда мұғалім ҰМЖ-да оқу мақсатын қанша сағатқа жоспарланғанына сәйкес негізгі сұрақтарды (оқу мақсатын толығымен немесе бір бөлігін) таңдайды. Әр сабақта 2-3 оқу мақсатын таңдаған дұрыс (алайда барлығы да мұнда КТЖ-ға байланысты: күнтізбелік-тақырыптық жоспарда қанша мақсат көрсетілсе, бір сабақта да сонша мақсат болады). Оқу мақсаттары алдымен сабақ мақсаттарына айналдырылады. Мұнда негізінен оқу мақсаттары өзгерілмейді, оларды тек ықшамдауға немесе түсіндіруге болады.

Мысал келтірейік, 1-сынып математикасының «Геометриялық фигуралар және олардың жіктелуі» 3.1 бөлімшесі бойынша келтірілген *«1.3.1.1. Геометриялық фигураларды: нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар, кесінді, сәуле, бұрышты бір бірінен ажырату және атау»* деген оқу мақсатын тура сол қалпында қайталамай, оқушының оқу нәтижелері тұрғысынан түрлендіріп, ықшамдап, былайша сабақ мақсаты етіп келтіруге болады: *«Оқушылар геометриялық фигураларды (нүкте, түзу, қисық және сынық сызықтар, тұйықталған және тұйықталмаған сызықтар) атай алып, бір бірінен ажыратады, суретін салады»*. Алынбаған *«кесінді», «сәуле», «бұрыш»* ұғымдарын келесі сабақта қарастыруға болады.

Сонымен бірге мұнда саралап оқыту идеясы аясында оқушылардың барлығына бірдей мақсат белгілемей, олардың танымдық деңгейлері бойынша түрлі мақсаттар қойған дұрыс деп есептелінеді. Алайда сабақ мақсаттарын саралап көрсету міндетті болып саналмайды. Дегенмен оларды көрсету оқушылардың жеке қажеттіліктерін ескеретіндігін ұмытпауымыз да керек.

«Оқушылардың басым бөлігі» мен «кейбір оқушылардың» сабақта қандай нәтижеге жететіндігін көрсету-көрсетпеуді әрбір мектеп өздігімен шешу керек деп ойлаймын. Ол үшін мектепте ҚМЖ құрастыру мәселесі жан-жақты талқыланып, содан кейін «ҚМЖ құрастыру ережесі» қабылданып, ереже педагогикалық кеңесте бекітілсе, бүкіл мектептің бір сарын мен ыңғайда жұмыс жасауы үшін жағдай жасалынатындығы хақ.

Бұл ережеде «Сабақ мақсаттарында тек «Барлық оқушылар» бөлімі міндетті болып, «Оқушылардың басым бөлігі» мен «Кейбір оқушылар» бөлімі міндетті емес: оларды жазу-жазбауды мұғалімнің өзі шешеді» – деп жазылса, мұғалімдер үшін сабақ мақсаттарын құрастыру сатылап, біртіндеп жүзеге асырылар еді. Алдымен олар «Барлық оқушылар» бөлімінде не жазу керектігін толығымен үйреніп, содан кейін ақырындап «Оқушылардың басым бөлігі» мен «Кейбір оқушылар» бөлімдерін құрастыруға кірісер еді.

Әйтпесе, біз бүгін нендей жағдай көріп жүрміз? Мұғалімдерге «Барлық оқушылар» бөлімінің өзі

қиынға тиіп жүргенін байқаймын.
Мысал үшін мұғалімдердің маған жіберген ҚМЖ-да оқу мақсаттарын сабақ мақсаттарына қалай айналдырылғанына тоқталып кетейін.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша «5.1.1.1 - Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» деген оқу мақсатын бір мектептегі әріптесіміз (нақтылап атамай-ақ қояйын, өйткені ол маңызды емес қой) сабақ мақсаттарына былайша аударыпты:
«Барлық оқушылар*: Повесті оқып, сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды.*

Оқушылардың басым бөлігі*: Мәтін мазмұны мен идеясына сүйене отырып, оқиға желісі бойынша өзіндік көзқарасын білдіреді.*
Кейбір оқушылар: *Повестегі кейіпкер бейнесін ашып, кейіпкерлерге гуманистік тұрғыдан талдау жасай алады».*

Бұл жерде қандай қателер жіберілген?
Біріншіден, оқу мақсаты барлық оқушылар үшін міндетті болатындықтан оны былайша түрлендіру керек еді: «Барлық оқушылар Б.Соқпақбаевтың «Менің атым - Қожа» повесін жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алады». «Сипаттау» тапсырмасы «Білу және түсіну» деңгейінде, сондықтан да барлық оқушыларға талдау тапсырмасын («*сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды»)* ұсынуға болмайды. Бұған қоса оқу мақсаты оқушылардың повесть мәтінін білетіндігін меңзейді, сондықтан да сабақта оқушыларға мәтінді оқу (оқылым) тапсырмасын беруге болмас.

Үшіншіден, оқу мақсаты «Білу және түсіну» деңгейінде, сондықтан да оқушылардың басым бөлігі мен кейбір оқушылардың оқу нәтижелері «Қолдану» немесе ойлаудың жоғарғы деңгейлерінде болу керек. Ал мұнда олар негізінен сол «Білу және түсіну» деңгейіндегі тапсырмаларды орындайды: «*өзіндік көзқарасын білдіреді», «кейіпкер бейнесін ашады».* Тек «*кейіпкерлерге гуманистік тұрғыдан талдау жасай алады» нәтижесі ғана дұрыс келтірілген.*
Төртіншіден, барлық оқушылар «*Повесті оқып, сюжетінің құрамдас бөлшектерін талдайды»* тапсырмасын орындауда делік. Онда оқушылардың басым бөлігі «*Мәтін мазмұны мен идеясына сүйене отырып, оқиға желісі бойынша өзіндік көзқарасын білдіреді»,* ал кейбір оқушылар «*Повестегі кейіпкер бейнесін ашып, кейіпкерлерге гуманистік тұрғыдан талдау жасай алады»* тапсырмаларын қалайша орындайды? Оқушыларды 3 топқа бөлу керек пе ол үшін? Ал топтардың тапсырмаларды қалай орындағанын қалай білеміз? Бір топ өздерінің жұмыс нәтижелері туралы сөйлегенде, қалған топтар оларды түсіне қояр ма екен, өйткені олар тіпті де басқа тапсырма орындады емес пе?

Тағы да бір мысал. Химия пәні. «7.1.2.12 - химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу» деген оқу мақсаты сабақ мақсаттарына былайша айналдырылған: «**Оқушылардың барлығы мынаны орындай алады:** химиялық қосылыстың валенттілік бойынша формуласын құрады. **Оқушылардың көбісі мынаны орындай алады:** формула бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептейді», ал кейбір оқушылардың оқу нәтижелері көрсетілмепті.
Шынтуайтқа келгенде, сабақ мақсаты барлық оқушылар үшін мынандай болуы керек еді: «Оқушылардың барлығы химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептей алады». Бұл әрекет – «Қолдану» деңгейінде, демек оқушылардың көбісі мен кейбіреулері «Ойлаудың жоғарғы деңгейлеріндегі» әрекеттермен шұғылдануы керек, яғни не «Талдау» («Шығарған есептерді қалай шығарғанын талдап береді»), не «Жинақтау» («Жаңа есептер құрастырады»), не «Бағалау» (есептерді шығарудың ең тиімді 3 жолын таңдап, оларды дәлелдеп береді).

***СОНЫМЕН САБАҚ МАҚСАТТАРЫН САРАЛАУДА НЕ ЖАЗУ КЕРЕК?***

**Барлық оқушылар.** Мұнда негізінен оқу мақсаттары қайталанады. Әрине, тура сол қалпында емес, өйткені оқу мақсаты ҰМЖ-на сәйкес бір емес бірнеше сабаққа жоспарланған болуы ықтимал, сол себепті бұл сабақта оның тек бір бөлігі ғана (бір мәселесі, сұрағы, аспектісі) көрініс табуы мүмкін.

**Оқушылардың 100% қол жеткізуі керек болғандықтан мұғалім мұнда барлық оқушылардың оқу мүмкіндіктерін ескеруі керек.**
**Оқушылардың басым бөлігі** (ҚМЖ-да бұны көрсетпесе де болады). Мұнда оқу нәтижелері оқушылардың оқу қабілеттеріне қарай күрделендіріледі. Мысалы, оқу мақсаттары «Білу және түсіну» деңгейінде болса, онда оқушылардың басым бөлігі бұған қоса «Қолдану» немесе «Ойлаудың жоғарғы деңгейлеріндегі» мақсаттарға қол жеткізуі керек.

**Кейбір оқушылар** (ҚМЖ-да бұны көрсетпесе де болады). Оқу мақсаттары мен оқушылардың басым бөлігі үшін белгіленген мақсаттармен бірге шығармашылық және зерттеушілік дағдыларды дамытатын мақсаттарды нақтылау, мәселен: «Талдау», «Жинақтау» немесе «Бағалау» деңгейлерінде.
**Сабақ мақсаттарынан бағалау критерийлері туындайды. Бағалау критерийлерінің синонимдері «жетістік критерийлері», «табыс критерийлері», «күтілетін нәтиже»: кей сабақ жоспарларында оларды осылайша атайды. Бағалау критерийлерін «Оқушылардың оқу мақсатына жеткендігінің, үйренгендігінің дәлелі не болмақ? Оқушылардың үйренгенін қандай нәтижеден көреміз? Оқушылар не жасай алса, олардың сабақ мақсаттарына жеткендігін көруге болады?» деген сұрақтарға жауап беру арқылы айқындау қажет.** «Бағалау критерийлері – мұғалім мен оқушыға қалыптастырушы бағалау кезінде оқытудың мақсатына қол жеткізгенін тануға мүмкіндік беретін тұжырым (табыс критерийі)».

Бағалау критерийлері сабақ мақсаттарымен тығыз байланысты және солардан туындайды. Ал сабақ мақсаттарының өз кезегінде оқу мақсаттарынан туындайтындығын ұмытпаған абзал.

Мұнда мына мәселеге назар аудару керек. **Бағалау критерийлері бірінші кезекте оқушылардың сабақ мақсаттарына емес, оқу мақсаттарына жеткен-жетпегендігін өлшеуі керек, яғни бұл жерде барлық оқушылардың үйрену нәтижелері қарастырылады.** Яғни, бағалау критерийлері үшін «оқушылардың басым

бөлігі» не «оқушылардың кейбіреулері» деген ұғымдар аса маңызды емес, мұнда тек барлық оқушылардың әрекеттерін ғана көрсету керек.

Мысал келтірейік. Жоғарыда қарастырылған «5.1.1.1 - Әдеби шығарманың жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттау» деген оқу мақсатын «Барлық оқушылар Б.Соқпақбаевтың «Менің атым – Қожа» повесін жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алады» деп сабақ мақсатына айналдырамыз. Бұл – оқушылардың 40 минутта не үйрену керектігін көрсететін шама.

Енді оқушылардың «Менің атым – Қожа» повесін жанрына қарай фабуласы мен сюжеттік дамуын сипаттай алатындығын қайдан көреміз? Оның дәлелі қандай болмақ?

Сабақта қолдануға қажетті тілдік дағдылар «Айтылым» мен «Жазылым», ал ойлау деңгейі «Білу және түсіну» екендігін ұмытпалық. Осыған сәйкес бағалау критерийлерін (күтілетін нәтижелерді) былай құрастыруға болады:

1.Оқушылар повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атайды.

2. Повестің фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтіреді.

3. Повестің сюжеттік дамуын 5 элемент тұрғысынан (экспозиция, оқиғалардың байламы, оқиғалардың дамуы, кульминация, оқиғалардың шешімі) 2 минут ішінде сипаттайды (Бұл бағалау критерийін былай да келтірсе болады: «Повестің кемінде 3 негізгі оқиғалары мен 3 кейіпкерлерін 2 минутта сипаттап береді»).

Осы әрекеттерді жасай алғанда ғана, орындай алғанда ғана оқушылардың сабақ мақсатына жеткендігін мойындауға болады. Бұл әрекеттер – олардың үйренгендігінің дәлелдері.

Оқушылар повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атай алса, біз олардың повестің жанрлық ерекшеліктерін біледі деп шешеміз. Оқушылар повестің фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтірсе, олар повестің фабуласын сипаттай алатындығын дәлелдейді. Ал егерде олар повестің сюжеттік дамуын 5 элемент тұрғысынан (экспозиция, оқиғалардың байламы, оқиғалардың дамуы, кульминация, оқиғалардың шешімі) 2 минут ішінде сипаттап берсе, олар повестің сюжеттік дамуын сипаттай алатындығын көрсетеді.

«Бағалау критерийлері - оқушының үйренгендігінің дәлелі» деген осы.

**Оқу мақсаттары сабақ мақсаттарының қандай болу керектігін міндеттейді. Сабақ мақсаттары бағалау критерийлерінің қандай болу керектігін айқындайды. Ал бағалау критерийлері тапсырмалардың қандай болу керектігін көрсетеді.**

Олай болса, бұл сабақта оқушыларға ұсынылатын тапсырмалар мынандай болу керек:

1. Повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атаңыздар (Айтылым).

2. Повестің фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтіріңіздер (Жазылым).

3. Повестің сюжеттік дамуын 5 элемент тұрғысынан (экспозиция, оқиғалардың байламы, оқиғалардың дамуы, кульминация, оқиғалардың шешімі) 2 минут ішінде сипаттаңыздар (Айтылым).

Осыған орай мұғалім сабақта оқушыларға осы 3 тапсырманы орындауды ұсынады.

Немесе бірінші және екінші тапсырмаларды біріктіріп, «Повестің кемінде 3 жанрлық ерекшеліктерін атап, фабуласын 5 сөйлеммен жазып келтіріңіздер» деп те беруіне болады. Ал екінші тапсырма сол қалпында қалады.

Енді мұғалім тек осы тапсырмаларға дескрипторлар құрастыруы керек.

Екінші мысал. Жоғарыдағы «7.1.2.12 - химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеу» деген оқу мақсатын сабақ мақсатына былай айналдыруға болады: «Оқушылардың барлығы химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептей алады» (ойлаудың «Қолдану» деңгейі).

Бұл мақсаттың бағалау критерийін былайша келтіруге болады: «Оқушылар 10 минут ішінде химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеуге берілген 8 есептің кемінде 4-ін шығара алады» («Қолдану»). Яғни, оқушылардың барлығы осы тапсырманы орындағанда ғана олардың сабақ мақсатына (және де оқу мақсатына да) жеткендігін көруге болады (мен химик емеспін, сондықтан да мұнда уақыт пен есептер санын мөлшерлеп бердім).

Бұл бағалау критерийіне сәйкес оқушылар бұл сабақта тек химиялық қосылыстың формуласы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын есептеуге берілген есептерді шығарумен айналысады. Алдымен топпен не жұппен. Оларға осындай 1-2 тапсырма беру керек. Бірақ сабақтың соңына таман оларға жеке орындайтын тапсырманың берілуі мүмкін: «Сіздерге әрқайсыңызға жеке 8 (немесе 4, немесе 6 сынып деңгейіне, тапсырманың күрделігіне қарап, оны мұғалімнің өзі шешер) есеп беремін. 10 минут (немесе 8, не 5 минут) ішінде солардың кемінде 4-ін (не бесеуін, не үшеуін, не екеуін) шығаруларыңыз керек».

Әрине, тапсырма орындалар алдында оның мақсаты мен критерийлерін (бар болса) және де дескрипторларын оқушылармен талдап алған орынды (топта, жұппен не сыныппен). Сонда оқушылар тапсырманы табысты түрде орындайды. Ал тапсырма орындалғаннан кейін оның орындалу сапасын талқылаған орынды (топ, жұп не сынып), оқушылардың өзін-өзі не бірін-бірі бағалағаны дұрыс. Талқылау барысында жетістіктер, кедергілер мен оларды жеңу жолдарын айқындаған абзал.

Сабақ мақсаты қандай болу керектігін оқу мақсаты айқындап беріп тұрады. Сабақ мақсаттары өз кезегінде бағалау критерийлерін айқындайды. Ал бағалау критерийлері сабақта оқушыларға қандай тапсырмаларды ұсыну керектігін анықтайды. Мұғалім тек тапсырмаларға дескрипторларды ғана құрастыруы керек.

ҚМЖ құрастыру – оп-оңай шаруа. Тек оқу мақсаттарын дұрыс түсініп, барлығын да содан суырып алсақ болғаны.



# CLIL — үштілділік оқыту бағдарламасын жүзеге асырудың тиімді әдісі

*ЖОЛТАЕВА Ақнұр Исаханқызы,*
*М.Тасова атындағы үш тілде оқытатын №12 мамандандырылған мектеп-интернатының физика пәні мұғалімі.*
*Шымкент қаласы*

Қазіргі таңда үш тілді қатар меңгеру - бұл ұрпақ үшін құнды нәрсе. Осыған орай елімізде жаратылыстану пәндерін ағылшын тілінде жүргізу арқылы үш тілді оқыту бағдарламасы іске асырылып келеді. Физика пәнін 7-сыныптан бастап оқушыларға тақырып, тарау бойынша терминдерді, қосымша ақпараттар мен видеоларды ағылшын тілін пайдалана отырып үйретер болсақ, жоғарғы сыныпқа келгенде физика пәнін толығымен ағылшын тілінде жүргізу тиімді, әрі жеңіл болары сөзсіз. Ол үшін оқушы пәнді өз ана тілінде толық түсінуі, ал мұғалім тиімді әдіс-тәсілді шеберлікпен қолдана білгені жөн. Қандай әдіс пәнді және тілді оқытуға тиімді дейтін болсақ, әрине ол CLIL - пән мен тілді кіріктіріп оқытуға ықпал ететін әдіс.

CLIL әдісін қолдану барысында тапсырмалар мақсатқа бағытталған, оқушылардың тіл деңгейлеріне сай, орындауға қызықты, ынталандыратын, бір-бірімен логикалық түрде байланысқан болуы қажет. Мен өз тәжірибемде осы әдісті ұдайы қолдана отырып, оқушының білім деңгейін көтерумен бірге тілді меңгеруіне де үлкен септігін тигізетінін байқадым, сондай тапсырмалардың бірқатарын үлгі ретінде ұсынамын.

**1. Match (Сәйкестендіру)**

| № | Атауы | Формуласы | Орыс тілінде | Ағылшын тілінде |
|---|---|---|---|---|
| 1 | Жұмыс | $U=A/q$ | Площадь | Voltage |
| 2 | Қуат | $R=\rho\ell/S$ | Работа | Work |
| 3 | Кедергі | $I=q/t$ | Мощность | Resistance |
| 4 | Ток күші | $P=U*I$ | Напряжение | Power |
| 5 | Кернеу | $S=\pi R^2$ | Соопротивление | Current |
| 6 | Аудан | $A=q*U$ | Сила тока | Area |

**2. Fill in the table using these words:** ***depth, liquid pressure, hydraulic lift, pressure, Pascal, piston, liquid, gravity***

| Words | Meaning |
|---|---|
| ***piston*** | used to compress a gas in a cylinder |
| ? | force per area |
| ? | A substance that flows |
| ? | The SI unit of pressure |
| ? | density* gravity*depth |
| ? | The distance from the top to the bottom |
| ? | 9,8 N/kg |
| ? | A large and a small chamber connected by a tube, filled with fluid, and used to produce large forces |

### 3. True/false questions

| | | |
|---|---|---|
| • | All matter don't consist of small particles | T/F |
| • | Particles are in ceaseless irregular motion | T/F |
| • | Particles don't interact with each other | T/F |
| • | Heat transfer of thermal energy from a hotter object to a cooler one until both objects are the same temperature. | T/F |

### 4. Complete the sentences: *temperature, solid, heat transfer, gas, liquid, evaporation*

1. ___________ from a hotter object to a cooler object .
2. _______________ is when a liquid turns into a gas.
3. The quantity that tells how cold or hot something is compared with a standard is called ________________________.

**Write the state of matter:**

4. Molecules move very slowly. They are close together. _______________
5. Molecules move faster. They are more spread apart. __________________
6. Molecules move very fast and they are very spread apart. ___________

Сонымен бірге оқу материалын бекітуде, бөлімдерді қорытындылағанда интернет-ресурстарды қолдану көп көмегін тигізеді. Атап айтқанда, Plickers, Socrative, Phet Interactive simulations, ZipGrade, Quizlet, Kahoot, Google form және т.с.с. интернет бағдарламаларын сабақ кезеңдерінде тапсырмаларға енгізу, оқушылардың сабаққа деген қызығушылығын арттыратын, сондай-ақ бағалау жұмыстарын аз уақыт ішінде тез, әрі тиімді алудың бірден-бір жеңілдететін жолы деп ойлаймын.



**Plickers бағдарламасымен бағалау**



**Traffic Light әдісімен кері байланыс**

Болмасаң да ұқсап бақ,
Бір ғалымды көрсеңіз.
Ондай болмақ қайда деп,
Айтпа ғылым сүйсеңіз,- деп Абай атамыз айтқандай, қойған мақсатқа жетуге ұмтылсақ, көп тілді жетік меңгерген сіз бен біз білім берген шәкірттер – егемен еліміздің жарқын болашағы боларына сенімім мол.

# Ұлы Ұстазға тағзым



*ШАЙХСЛАМ Бибіқадиша Мауленқызы,*
*С.Бақбергенов атындағы шағын жинақты жалпы орта мектебі КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Созақ ауданы*

**Білімділік мақсаты:** Балаларды қазақтан шыққан тұңғыш педагог Ы.Алтынсариннің өмірімен және шығармашылығымен таныстыру. Ыбырай атаның өлеңдері мен әңгіме аудармаларының мәнін аша отырып, талдауға, сыни тұрғыдан ойлануға дағдыландыру. Шығармаларды сахналық қойылым арқылы есте сақтау.

**Тәрбиелік мақсаты:** Баланы ұқыптылыққа, мейірімділікке, тазалыққа, оқу білімге, әдептілік пен имандылыққа шақыра отырып, ата-ананың сүйеніші болып өсетін азамат етіп тәрбиелеу. Өтірік, мылжыңдық, жалқаулық сияқты жаман қасиеттерден қашық болуға әдеттендіру.

**Дамытушылық мақсаты:** Ыбырай кейіпкерлерінің суретін бейнелеу арқылы бала қиялын және шығармашылығын дамыту. Балалардың рөлде ойнау қабілетін, шеберлігін шыңдау.

**Көрнекілігі:** Ы.Алтынсариннің портреті. Интерактивті тақта. Сурет көрмесі. Ұстаздың қанатты сөздері. Көріністерге арналған сахна жабдықтары.

«Ұлы ұстазға тағзым» атты тәрбие сағатының сценарийі:

**1-жүргізуші:**

Алғашқы ұстаз, алғашқы дана бабам
Әр сөзіңнен үлгі мен өнеге алам
Сан ұрпаққа саналы өмір сыйлап,
Ғасырларға жетсінші, бағаң бабам.

**2-жүргізуші:**

Ұлыны аңсайды ел - білу үшін
Ұлыдан ғибратты іс ұғу үшін
Ыбырай бабам керек бұл қоғамға
Тірліктен жаңа тағдыр өру үшін

**1-жүргізуші:** - Міне, биыл қазақтан шыққан тұңғыш кемеңгер-педагог, қазақ балаларына арнап мектеп ашушы, тұңғыш Қазақ хрестоматиясын жазған ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин бабамыз 180 жасқа толып отыр.

**2-жүргізуші:** - Бүгінгі тәрбие сағатымыз Ыбырай бабамызға арналады. Ұлы ағартушы Ы.Алтынсарин 1841 жылы қараша айының 14 жұлдызында Қостанай облысын, Притобольскіде Балғожа бидің отбасында дүниеге келген.

**1-жүргізуші:** - Балғожа би өзінің немересі Ыбырайды 1850 жылы Орынборда жаңадан ашылған орыс-қазақ мектебіне оқуға береді. Келешекте өзінің орнын басар ел билеуші әкім болуын қалайды.

**2-жүргізуші :** - Ендеше, «Балғожа бидің баласына жазған хаты» өлеңіне құлақ түрейікші! Оқитын - Ерденұлы Мирас.

**1-жүргізуші:** Ыбырай оқуды 1857 жылы «Өте жақсы» деген бағамен бітіреді. Мектеп - білім берудің басты құралы, халықтың келешегі тек осы мектепте деп түсінген ұлы ағартушы 1864 жылы қаңтарда Торғайда тұңғыш қазақ балалары үшін мектеп ашып, 14 баланы мектепке қабылдады.

**2-жүргізуші:** - Қане, Аяжан, есептеп көрші, тұңғыш қазақ мектебінің ашылғанына қанша жыл болыпты?

**1-жүргізуші:** - Жақсы, ойланайын. /Ойланып, есептеп көреді/

**2-жүргізуші:** - Ohо, тура 157 жыл бопты тұңғыш мектепке!!!

**1-жүргізуші:** - Жарайсың, досым! Сонау бір жарым ғасыр бұрын, сол кезде Ыбырай атамыздың қазақ балаларын оқуға шақырған өлеңін білесің бе?

**2-жүргізуші:** - Әрине, білемін! Ол өлеңді тек мен ғана емес, анам да, әкем де, атам да, әжем де, тіпті олардың ата-әжелері де білген екен!!!

**1-жүргізуші:** - Олай болса, дарынды қызымыз Ақнұрдың орындауындағы «Сөз басы - Кел, балалар оқылық!» өлеңін қабыл алыңыздар!!!

**2-жүргізуші:** - Ыбырай ата өз естелігінде: «Мен балаларды оқытуға қойға шапқан аш қасқырдай өте қызу кірістім. Кейін парақор болып шықпаулары үшін оларға адамгершілік жағынан әсер етуге бар күшімді салып отырмын»-деді.

**1-жүргізуші:** Ыбырай Алтынсарин қоғамдағы рушылдықты, отаршылдықты сынай отырып туған халқының келешегіне зор сеніммен қарады. Алдыңғы қатарлы, өнерлі жұрттардың табыстарын сөз етті.

**2-жүргізуші:** - Желкілдеп шыққан көк шөптей
Жаңа өспірім достарым,
Қатарың кетті-ау алысқа-ай
Ұмтылыңыз қалыспай!-деп жастарды кеш қалмай, өркениетке ұмтылуға, дамыған елдерден өнер-білімді үйренуге шақырды.

**1-жүргізуші:** - Қазір талантты оқушымыз Шегебай

Нұрқанатты Ыбырай Алтынсариннің - «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңімен ортаға шақырамыз!

**2-жүргізуші:** -Ұлы ұстаз Ы.Алтынсарин 1875 жылы «Қазақ хрестоматиясы» оқулығын жазып шығарды. Оқулыққа балаларды еңбекке, адалдыққа, қайырымдылыққа, сабырлылыққа, ұқыптылыққа, тапқырлыққа тәрбиелейтін шығармалар жазды.

Көрініс: «Бақша ағаштары» (Рамазан, Саят, Саржан)

**1-жүргізуші:** Ы.Алтынсарин орыс, батыс классик жазушыларының да әңгімелерін аударып, «Қазақ хрестоматиясына» енгізді. Оның барлығы да ұлы ұстаздың ұлт қамын ойлағандығынан, яғни, болашақ ұрпақтардың сауатты да мәдениетті болсын деген ниетінен туындаған екен ғой!

**2-жүргізуші:** Иван Крыловтың аудармасы «Түлкі мен қарға» мысалын орындайтын оқу озатымыз - Әріпхан Інжу.

**2-жүргізуші:** Қазақ хрестоматиясына енгізген шығармалар біріншіден халықтың тұрмыс-тіршілігімен салт-дәстүрлерінен хабардар етсе, екіншіден адамгершілік, мейірімділік қасиеттерін балалардың бойына дарыту көзделеді.

**1-жүргізуші:** Көрініс: «Мейірімді бала» әңгімесін тамашалаңыздар! Орындайтындар: Срлыбай А., Баймахан Д., Асылбек Т.

**2-жүргізуші:** Ыбырай ата 1879-1889 жылдары Торғай облысында мектеп инспекторы қызметін атқарып, халықтан қаржы жинап, бірнеше болыстарға мектеп ашып, оның жанынан интернаттар салдырды.

**1-жүргізуші:** - Ақынның жазған «Өсиет» өлеңдерін қабыл алыңыздар.

Алдарыңызда - Керімхан Іңкәр! Қабыл алыңыздар!

«Араз бол, кедей болсаң ұрлықпенен».

**2-жүргізуші:** - Мүлгіген қазақ даласына мектеп ашып, елді сауаттандыруды «Азаматтық борышым» - деп санаған тұңғыш педагог Ы.Алтынсарин қыз баланың қамын көбірек қарастырды. Ол кісі 1887 жылы Ырғызда Қыздар мектебін ұйымдастырды. Асыл да ізгі қасиеттерді шығармасына арқау ете отырып, нәзік жандыларды сыпайы да биязы, сабырлы да салиқалы мінезді болуға талпындырды.

**1-жүргізуші :** - Көрінісімізді қабыл алыңыздар: «Асыл шөп» әңгімесі (Мирас, Ақмаржан, Гүлжайна).

**1-жүргізуші:** - Ана жақсы болса ұрпақ өседі,
Ұрпақ өссе, ел гүлденеді.
Ел гүлденсе, халық мұратына жетеді -
деген ойдың авторы да осы Ыбырай атамыздың өзі еді.

**2-жүргізуші:** - «Бұл кім?» өлеңін тыңдаңыздар. Оқу озатымыз Баймахан Аягөз.

**2-жүргізуші:** Ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин 1879 жылы «Қазақтарға орыс тілін үйретудің басты құралы» атты оқулығын жазды.

**1-жүргізуші:** И.Крыловтың аудармасы «Қайырымды түлкі» А.Ыбырай балаларды өтірікшілік, аярлық, қулық, ұрлық сынды нашар қасиеттерден аулақ болуды өз әңгімесіне арқау етті.

«Түлкі мен ешкі» (Керімхан Іңкәр).

**2-жүргізуші:** 1888 жылы қоғам қайраткері Ы.Алтынсарин «Мұсылмандық тұтқасы» атты оқулық жазып, бастырып шығарды.

**1-жүргізуші:** Адам бойындағы ең көркем мінез Ы.Алтынсарин қазақ баласын білуге, оқуға үйренуге, еңбек етуге, ата-анасын сыйлауға, үлкенді құрметтеуге, бір сөзбен имандылық қасиетін баули отырып, аянбай еңбек етті.

**2-жүргізуші:** Көрініс: «Талаптың пайдасы»

**1-жүргізуші:** Көңілі мөлдір ақын әрі жазушы Ыбырай атамыз табиғатты да әсем суреттеп, жырға қоса білген.

**2-жүргізуші:** Сыныбымыздың көркем сөз және көркем жазу шебері Құрбан Мариямның орындауында «Өзен» өлеңін қабыл алыңыздар!

**1-жүргізуші:** Ол кейбір орыс шенеуніктері ойлағандай қазақтар «көшпелі, мәдениетсіз, жабайы, ұры халық емес, өзіндік өнері, мәдениеті бар халық»- деп, салт-дәстүрлерді арнайы зерттеп, очерк жазды. Соның бір дәлелі халық аузындағы «Таза бұлақ», «Әке мен бала», «Жиренше шешен», «Жәнібек батыр», «Тазша бала» әңгімелері.

Көрініс: «Баланың айласы» (Асылбек С., Есенбек С.)

**2-жүргізуші:** «Әй, достарым» (Асылбек Тұмар).

**1-жүргізуші:** Ұлы ағартушы-педагог Ы.Алтынсарин қазақ сахарасына тұңғыш мектеп қоңырауын қағып, білімнің шамшырағын жақты.

**2-жүргізуші:** Ол артында мәңгі өшпес асыл мұраларын қалдырды.

Мұғалім: - Балалар, Ыбырай оқулықтарына енгізілген шығармаларынан қандай ғибрат алдық?

Мариям: - Ұят кімде болса, иман сонда болады.

Саржан: - Алтын алма, ақыл ал.

Гүлжайна: - Ісің оң болса, Тәңірің жақ болар.

Нұрқанат: - Өнерлі - өлмес, өнерсіз күн - көрмес.

Ақнұр: - Талапты ерге нұр жауар.

Саят: - Оқу түбі тоқу.

Інжу: - Мұғалім – мектептің жүрегі.

Тұмар: - Ешкімнен ешнәрсені қызғанбайтын, жұрттың бәрін өзіндей көретін жақсы адамның ниеті мен пейілі кең болады.

Дінислам: - Имандылығы бар адам дәулетке жетеді.

Рамазан: -Қайырымсыз болса, ханнан без
Өткелсіз болса, судан без
Пайдасыз болса, байдан без
Панасыз болса, сайдан без.

**1-жүргізуші:** Екі оттың ортасында өмір сүрген Ыбырай азаппен өмір кешті. Біріншіден, қазақтың қожа, молдалары Ыбырайды «шоқынған», «кәпір» деп ел арасында өсек таратса, «пікірі жат» деп, жасырын арызды боратып, оны соттап, ашқан мектептерін жаппақ болуы Ыбырайды жүрек ауруына шалдықтырады. Міне, осылай Ыбырай Алтынсарин 49-ақ жасында кенеттен қайтыс болды.

Аяжан: - Қазағыма, алты алашқа төл боласың,
Қастерлісің дарасың, ең данасың.
Ағартушы ұстазсың, халқыңның саған,
Ниеті ауған перзенті сен боласың!

**2-жүргізуші:** - Алтынсарин еңбектерін қастерлеп, өсиетін орындап, ұрпаққа жеткізе берейік!

Ұлы ұстазға тағзым етейік! (Оқушылар тағзым етеді).

**1-жүргізуші:** Қазақ балалар әдебиетінің атасы - ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсаринге арналған тәрбие сағатымыз осымен аяқталды.



# КӨЛІКТІҢ ПАЙДА БОЛУ ТАРИХЫ

*АБДУБАИТОВА Айжан Орынбасарқызы,*
*Қазақстан жалпы орта білім беретін мектебінің*
*қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

**Сабақтың барысы**

| | |
|---|---|
| **Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары** | 5.1.4.1. - Тірек сөздер мен жетекші сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтау;<br>5.4.4.4. - Сын есімнің мағыналық түрлерін ажырата білу, сын есімді зат есім орнына қолдана білу. |
| **Сабақтың мақсаты** | Барлық оқушылар үшін:<br>Тірек сөздер мен сұрақтар арқылы негізгі ойды анықтай алады.<br>Көпшілік оқушылар үшін:<br>Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпараттарды түсініп, анықтайды.<br>Кейбір оқушылар үшін:<br>Сын есімнің мағыналық түрлерін ажыратады, сын есімді зат есім орнына қолдана алады. |

| **Сабақ кезеңі/ уақыты** | Педагогтің әрекеті | Оқушының әрекеті | Бағалау | Ресурстар |
|---|---|---|---|---|
| **Сабақтың басы 8 минут** | Ұйымдастыру кезеңі: **Ширату:** «Сатамын, сатып аламын» әдісі. Әр оқушы өз бойындағы жағымды қасиеттерді сатып, өз сыныптасының жақсы қасиеттерін сатып алады. Мұғалім өз қоржынынан «Талаптылық», «Зеректік», «Алғырлық» қасиеттерін оқушыларға сатады.<br>**Үй тапсырмасын қорыту.** Зымыран сұрақтар:<br>1.Сын есім дегеніміз не?<br>2.Сын есімнің құрамына қарай түрлерін атаңдар.<br>3.Мысал келтіріңдер.<br>4.Жол белгілерін білеміз бе?<br><br>Эссе оқыту. | | | Зымыран сұрақтар: |
| **Жаңа сабаққа кіріспе 10 минут** | Сабақтың тақырыбы мен мақсаты түсіндіріледі. Бейнеролик көрсетемін. (тыңдалым)<br>1-тапсырманы оқыту (оқылым)<br>**Ой түрткі сұрақтар:**<br>1.Өздігінен жүретін алғашқы көлікті кім ойлап тапты?<br>2.Жанармаймен жүретін алғашқы көлікті жасап шығарған кім?<br>3.Қалай ойлайсыңдар, көліктің адамзатқа зиянды жағы бар ма?<br>Сұрақтарға жауап береміз.<br>Қызығушылықты ояту: | Бейнеролик көреді.<br><br>Ой түрткі сұрақтарға жауап береді.<br><br>Аласа үстел-Өнерлі жігіт<br>Қызық кітап-Желсіз күн | Мақтау, мадақтау | Интербел-сенді тақта |

<table>
<tr><td></td><td>Аласа үстел-Өнерлі жігіт<br>Қызық кітап-Желсіз күн<br>Ауыр жүк-Тәртіпті оқушы<br>Сұлу қыз-Жазғы демалыс<br>оқушылардан бұл сын есімдерді бұлай бөліп жазғанымды сұрай отырып, сын есімнің мағыналық түрі сапалық пен қатыстықты түсіндіру.</td><td>Ауыр жүк-Тәртіпті оқушы<br>Сұлу қыз-Жазғы демалыс<br>бұл сын есімдерді ажырата отырып, сын есімнің мағыналық түрі сапалық пен қатыстықты түсінеді.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың ортасы<br>15 минут</td><td>Жазылым: Кеспе қағазбен жұмыс. 2-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тіркескен зат есімдерімен теріп жазып, мағыналық түрлерін ажыратып жазыңдар.<br><table><tr><td>Сапалық сын есім</td><td>Қатыстық сын есім</td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr><tr><td></td><td></td></tr></table>Дәптермен жұмыс: 3-тапсырма. Суреттегі көліктердің атауларын даму реті бойынша орналастырыңдар. Сын есімдерді қатыстырып, оларға сипаттама мәтінін жазыңдар.</td><td>Жазылым: Кеспе қағазбен жұмыс жасайды.<br>2-тапсырма. Мәтіннен сын есімдерді тіркескен зат есімдерімен теріп жазып, мағыналық түрлерін ажыратып жазады.<br><table><tr><td>Сапалық сын есім</td><td>Қатыстық сын есім</td></tr><tr><td>Қысқа мерзім</td><td>Механика-лық құрылғы</td></tr><tr><td>Ұзақ қашықтық</td><td>Әскери механик</td></tr><tr><td>Осал жері</td><td></td></tr></table>3-тапсырма. Суреттегі көліктердің атауларын даму реті бойынша орналастырады.</td><td></td><td>Кеспе қағаз</td></tr>
<tr><td></td><td>Өлең шумағынан сын есімдерді тауып мағынасына қарай ажыратыңдар.<br>Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кең тілім,<br>Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.<br>Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа,<br>Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!</td><td>Сын есімдерді қатыстырып, оларға сипаттама мәтінін жазады.<br>Өлең шумағынан сын есімдерді тауып мағынасына қарай ажыратады.</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы<br>7 минут</td><td>«Бір сөзбен айтқанда» әдісі бұл әдісте мен сендерге тіркесті сөздер айтамын, оқушылар балама сын есімді тауып,мағынасына қарай ажыратады.<br>1.Айтқанға көне салатын еш нәрсені байқамайтын адам (аңқау-сапалық)<br>2.Тез ашуланатын адам (ашушаң-қатыстық)<br>3.Көрінгенге соқтыға беретін адам (сотқар-сапалық)<br>4.Керексіз көп сөйлейтін адам (мылжың-сапалық)<br>5.Бойы ұзын адам (бойшаң-қатыстық)<br>6.Әркімнің сыртынан жаман сөз айтып жүретін адам (өсекші-қатыстық)<br>Үйге тапсырма: 5-тапсырма<br>Кері байланыс: бағдаршам әдісі</td><td>Тіркесті сөздерден балама сын есімді тауып мағынасына қарай ажыратады.<br><br>«Бағдаршам» әдісі арқылы сабаққа кері байланыс береді.</td><td>Баллдық жүйемен бағалау (5-10 балл)</td><td>«Бір сөзбен айтқанда» әдісі</td></tr>
</table>



# ТУҒАН ЖЕР.
## Туған жерді әнге қосқан Ескендір Хасанғалиев

*КАДИРСИЗОВА Эльвира Бурабековна,*
*О.Тайманов атындағы Өнер мектебінің фортепиано және вокал пәнінің мұғалімі.*
*Түркістан облысы, Бәйдібек ауданы*

**Сабақтың мақсаты:**

**Білімділік:** окушыларға композитор жайлы мәлімет беру, өлеңді түсініп, мәнерлеп оку арқылы идеясын ұғындыру.

**Дамытушылық:** оқу дағдыларын жетілдіру, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту, шығармашылықпен жұмыстануға дағдыландыру.

**Тәрбиелік:** өзара жолдастық татулыққа, ізденімпаздыққа, туған жерді сүйіп, құрметтеуге баулу.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Шығарманың авторы туралы біледі.
2. Әннің негізгі идеясын түсіне біледі.
3.Әнді жақсы орындай алады, тапсырмаларды орындайды.

**Не арқылы бағаланады:**

1.Өлеңді мәнерлеп оқи білуі арқылы;
2.Берілген сұрақтар мен тапсырмаларды орындай алатындығы мен бағаланады;
3.Шығармашылық тапсырмаларды өз бетінше орындай алуы арқылы.

Сабақтың барысы:

І.Ұйымдастыру. Психологиялық дайындық.

Әннің де естісі бар, есері бар.
Тыңдағанда құлақты тесері бар.
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді
Тыңдағанда көңілінді өсері бар...- деп ұлы Абай жырлағандай, есті ән елдің жадында мәңгі сақталып, көкірегіне нұр болып құйылады.

**Сары және қызғылт сары түсті стикерлер арқылы сынып екі топқа бөлінеді.**

**Сөзжұмбақты шешіп көрейік.** Ерекше торкөзде бүгінгі сабағымыздың тақырыбы шығады.

1. Ауылымыз қалай аталады? (Куропаткино)
2. Рәміздің атауы? (Ту)
3. Сараң бай? (Шығайбай)
4. Ұлтымыз? (Қазақ)
5. Бас қала? (Астана)
7. Төрт түліктің бірі (Жылқы)
8. Үш бидің бірі? (Әйтеке)
9. Тудағы күнің түсі? (Сары)

Топтастыру стратегиясы.
(Отаным, ауылым, т.б.)

**Оқулықтағы суретпен жұмыс.**

III. Оқулықпен жұмыс. *Туған жерім – тұғырым, Өскен елім – өзегім.*

**Ескендір Өтегенұлы Хасанғалиев** (13 ақпан 1940 жылы, Батыс Қазақстан облысы, Қаратөбе ауданы) - әнші (лирикалық баритон), композитор, музыкант. Қазақ КСР-нің Халық артисі (1984). Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығының иегері (2006). Батыс Қазақстан облысының Құрметті азаматы (2010). Хасанғалиевтің "Әдемі", "Асыл арман", "Өмірімнің жазы", "Атамекен" әндерін тек Қазақстан тыңдармандары емес, шетелдерде де ықыласпен қабылдайды. Е.Хасанғалиев шығармашылығына тақырыптың әмбебап-тылығы, материалды берудің көпсалалығы тән. Ол музыканы қазақ, орыс, ұйғыр, татар, неміс ақындарының сөзіне жазды. Қазіргі қазақ композиторларының ән-романстарын нақышына келтіре, шебер орындайды. Хасанғалиев - танымал композитор. Оның бірнеше ән жинағы жарық көрді. Хасанғалиев әндерінің тақырыбы сан алуан. Ол қазақ, орыс, татар, неміс ақындарының туған ел, еңбек, жастық шақ, махаббат тақырыбындағы өлеңдеріне көптеген ән жазды. Хасанғалиев гастрольдік сапармен Моңғолия (1975), Болгария (1982), Югославия (1968), Алжир (1969), Сирия мен Ливан (1973), Швеция және Финляндия (1970), т.б. елдерде болды.

**Сергіту сәті: «Туған жер» әнін орындау.**

1. Әнді мәнерлеп оқы.
2. Сұрақтар.

*Ақын туған жерге деген сүйіспеншілігін қалай жырлаған?*

*Туған жердің байлығын суреттеген шумақты оқы.*

**Дәптермен жұмыс.** 4 жолды өлең.

*Мысалы: (жеке шығармашылығымнан)*

Төмендегі шумақтар арқылы өлең құрастырып көр.

«-------------------------------------------- жер,
---------------------------------------------- жер.
----------------------------------------------------
---------------------------------------------- жер»

Мақтан етем, туған жер,
Жырға қосам, туған жер.
Астанадай бас қаласы
Өлеңге арқау туған жер.

Оқушылар өздері шығарған өлең жолдарын ортаға шығып оқиды.

**Мақал-мәтелдер сайысы**. Интерактивті тақтада көрсету, дәптерлеріне жазғызу.

1.Отан оттан да ... *(ыстық)*
2.Отансыз адам - ... *(ормансыз бұлбұл)*
3.Отан отбасынан ... *(басталады)*
4.Жері байдың - ... *(елі бай)*
5.Туған жердің күні де ыстық, ... *(түні де ыстық)*

6.Туған жердей жер болмас,... *(Туған елдей ел болмас)*
**Бекіту сұрақтары.**
*Е.Хасанғалиев кім?*
*Қандай әндері бар екен?*
*Қай әндерімен таныстық?*
**Е.Хасанғалиевтің «Атамекен» әнін орындау**
Тәуелсіздік - таңның нұры
Тәуелсіздік - көк байрағым желбіреген аспанда,
Тәуелсіздік - Әнұраным ел шырқайтын "жастанда",
Тәуелсіздік - "Желтоқсанның" ызғары мен шуағы,
Тәуелсіздік - Елтаңбам, көтерілген асқақтап,
Тәуелсіздік - Тура жол, бастау алған аспанға,
Тәуелсіздік - ел жүрегі, ару қала - Астана!
**«Атамекен» әнін орындау.**
**Бағалау. Үйге тапсырма. Өлеңді жаттап ал.**

# МАМАНДЫҚТАРМЕН ТАНЫСАЙЫҚ



***КАЗАНОВА Алма Байрахметовна,***
***"Балбөбек" бөбекжай бақшасының жоғарғы санатты тәрбиешісі.***
***Шығыс Қазақстан облысы, Катонқарағай ауданы***

**Мақсаты:** Әр түрлі мамандық түрлері туралы түсінік беру. Мамандық иелерінің қызметі және олардың еңбегімен таныстыра отырып, олардың маңыздылығы туралы білім беру. Әр түрлі мамандық түрлеріне қызығушылығын тудыру және еңбек адамдарына құрмет сезіммен қарауға тәрбиелеу.

Қажетті құрал-жабдықтар мен көрнекіліктер: Мамандық иелерінің суреттері, құрал-жабдықтары.

Сөздік жұмыс: мамандық, тігінші, аспазшы, мұғалім, дәрігер, құрылысшы.

Блингвалдық компонент: мамандық-профессия, аспаз-повар, мұғалім-учитель, дәрігер-доктор, құрылысшы-строитель.

**Шаттық шеңбері:**

Тәрбиеші: Балалар сендер балабақшаға қай уақытта келесіңдер?

Балалар: Таңертең

Тәрбиеші: Дұрыс айтасыңдар! Міне тағыда таң атып күн шықты.

Шаттық шеңбер.
Үлкенге де сіз,
Кішіге де сіз
Құрметпенен сіздерге,
Бас иеміз біз.

Тәрбиеші: Тәуелсіз мына заманда,
Сұраныс көп маманға.
Нағыз маман пайдалы,
Мемлекет, қоғам, адамға – деп бүгінгі іс-әрекетімізді бастаймыз.

**Ұйымдастыру кезеңі:**
- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Көктемде неше ай бар?
- Көктем айларын кім маған атап береді?
- Көктемде далада қандай өзгерістер болады?

Жарайсыңдар балалар.

Суретпен жұмыс. Сурет бойынша әңгімелету.

*Бұл аспаз.* Аспаз – ең басты мамандықтың бірі.
Безендіріп үстелді,
Тәтті тамақ пісірер.

Аспаз дәмді тамақтың қаншама түрін пісіреді.

*Бұл құрылысшы.* Зәулім үйлерді, біздің балабақшамызды салған кісілерді құрылысшылар дейміз.

*Бұл дәрігер.* Дәрігер адамдарды емдейді, дәрі беріп, екпе егіп жазады.

*Бұл тігінші.* Тігінші адамдарға әдемі етіп киім тігіп береді сондықтан біз үнемі әдемі болып жүреміз.

*Бұл мұғалім.* Мұғалім бізге білім береді. Ол үлкен маман иесі болуымызға көмектеседі.

Бұл адамдардың барлығын бір сөзбен айтқанда «мамандық иелері» дейміз. Бұл мамандықты меңгеру үшін көп оқуды, көп ізденуді, қажымас қайратты, көп еңбекті талап етеді. Мамандық иесі болып шығу үшін арнайы оқу орындарында дайындалып оқытады. Сонда ғана өзің қалаған мамандық иесі болып шыға аласыңдар.

**Дидактикалық ойын:** «Кім жылдам?»

Үстел үстіне түрлі мамандық иелеріне қажетті құралдарды қойып, төрт баланы шығарамын, төрт баланы төрт түрлі мамандық иесіне бөлемін, ойын шартын түсіндіремін. Төрт бала өзіне қажетті құралдарды тез-тез бөліп алады. Алған құралдарымен не істеуге болтындығын айтады және өскенде сол маман иесі болғысы келетіндігін айтады. (шаштараз, дәрігер, мұғалім, аспаз)

**Сергіту сәті:**
Іш ауырса, тіс ауырса,
Мамам дәрі береді.
Барлық бала, барлық адам,
Оны жақсы көреді.

**Дидактикалық ойын**: «Ойлан тап»

Тақтаға маман иелерінің суреттері ілінеді. Ойын шарты әр мамандықты қызметіне сай анықтау.

Геометриялық пішіндерді қолдану арқылы, балаларды үш топқа бөлдім. Бірінші топ-аспазшы, екінші топ-дәрігер, үшінші топ- құрылысшы мамандық иелері болып ойнады.





**Қорытынды:** Сұрақ-жауап:

- Сонымен балалар қандай маман иесі болсын ол адамның еңбегін бағалай білуі керек екен. Ол мейлі бастық болсын, мейлі қарапайым шаруа иесі болсын ол адамның еңбегін бағалай білуі керек. Осыны еш ұмытпаңдар.

Балалар, сендерге бүгінгі оқу іс-әрекетіміз ұнады ма?

- Не білдік, не үйрендік?

Бүгін бәрің жақсы қатыстыңдар, рақмет сендерге.

**Күтілетін нәтиже:**

Нені білуі керек: Балалар мамандық түрлерін білуі, қажетті құралдарын атай білуі керек.

Нені игереді: Суретке қарап әңгіме құруды меңгереді.

Нені білді: Үлкендердің, мамандық иелерінің еңбегін бағалай біледі.



# Қазақ халқының қалыптасу үдерісінің аяқталуы

***КАРАТАЕВ Отабек Мияссарович,***
***№42 Фурқат атындағы жалпы орта мектебінің тарих және география пәні мұғалімі.***
***Түркістан облысы, Сайрам ауданы***

| | |
|---|---|
| **Сабақ негізделген оқу мақсаттары:** | 7.1.1.3 – ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерін анықтау;<br>7.1.1.4 – «қазақ» этнонимінің мағынасын түсіндіру. |
| **Сабақ нәтижесі:** | **Оқушылардың барлығы:** қазақ халқының құрылуына ықпал еткен жағдайларды, «қазақ» этнонимінің мағынасин түсіндіреді.<br>**Оқушылардың көбісі:** Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістерге назар аударып өмір жолын сипаттайды.<br>**Оқушылардың кейбіреуі:** ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерін анықтайды. |
| **Бағалау критерийі (Ойлау дағдылары):** Қолдану, түсіну, талдау. | Қазақ халқының құрылуына ықпал еткен жағдайларды, «қазақ» этнонимінің мағынасын сипаттайды.<br>Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістерге назар аударып өмір жолын зерттейды.<br>Ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерін саралайды. |
| **Тілдік құзіреттілік** | **Пәнге деген лексика мен терминология:** «Этнос», «Этногенез», «Қазақ», Ұлы Дала<br>***Диалогқа/жазылымға қажетті тіркестер.*** Ғалымдар қазақ халқының қалыптасуын түрік этногенезінің басталуына жатқызады. Түркі кезеңіндегі шаруашылық-мәдени өмір кейін түркі халықтарының көбіне тән болды. Қазақстан жерін мекендеген түркі тайпалары моңғол шапқыншылығы қарсаңында біртұтас халық болып қалыптасуға даяр еді... .<br>Ұлы Дала мұрагері - Қазақ халқы қалай қалыптасты? |
| **Ресурстар** | Оқулық, суреттер, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер. |
| **Құндылықтарға баулу** | Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келісім. |
| **Пәнаралық байланыс** | Музыка, қазақ тілі. |
| **Алдыңғы оқу** | 6 сынып. Қазақ халқының қалыптасуы. |
| **Сабақтың жоспары** | |

| **Жоспарланған уақыт** | **Сабақ барысы:** | **Бағалау түрлері** |
|---|---|---|
| **Басталуы 5 минут** | **Ұйымдастыру кезеңі.Сәлемдесу. Сынып бойынша тексеру.**<br>Үй тапсырмасы: «**Бас қатырғыш базары»** әдісі арқылы сұрау.<br>Оқушыларға тарихи домино, хронологиялық лото, таркатамын.<br>Ақ Орда, Моғолстан хандықтарын еске түсіріп тапсымаларды орындайды.<br>Оқушыларды адасқан әріптер арқылы топтарға бөлемін.<br>**НКРІЕ КЕҮЖРЕР** | Оқулық, мәтіндер |

| | | |
|---|---|---|
| | **1-топ. Еркін**<br>**2-топ. Ержүрек** | |
| **Жаңа білім**<br>**10 минут** | **Жаңа сабақ бойынша** тақырыпты ашу үшін **мәтінмен жұмыс**. Тақырыпты әуелі жеке оқиды сонан соң жұбымен талқылап болған соң бірлесе отырып талқылауға тапсырма беріледі. | Оқулық, мәтіндер |
| **Ортасы**<br>**10 минут** | **«Мини лекция» әдісі арқылы талдайды.**<br>**1-тапсырма**<br>**1-топ. Еркін**<br>1. Қазақстан аумағындағы этникалық үрдістерге назар аударып өмір жолын анықтаңыз.<br>**2-топ. Ержүрек**<br>2. Ежелгі және ортағасырлар тарихының оқиғалары арасында байланыс орнату арқылы қазақ халқы қалыптасуының негізгі кезеңдерін атаңыз.<br>**Дескриптор:**<br>-Этнос, этногенез, антропология ұғымдарының мағыналарын сипаттайды.<br>-Қазақстан аумағындағы халықтың этникалық үрдісінің түркілік кезеңдерін айтады.<br>-Қазақ халқы қалыптасу жолының аяқталғандығын анықтайды.<br>-Шығыс Дешті Қыпшақтың қазақ еліндегі орнын сараптайды. | Сыныптағы белсенді оқушы басқаларға бағыт беріп отырады. Жұппен талқыға салады, ойланады. |
| **Сабақты бекіту**<br>**10 минут** | **2-тапсырма «BEEP»**<br>Қағазды веер пішінінде бүктеп, бірінші оқушы бір бөлігіне сабаққа қатысты сұрақтар жазып шығады, екінші оқушы екінші бөлігіне қысқаша жауап жазып тапсырады.<br> | Өзгелерді тыңдай отырып, өз білімін толықтырады, ізденеді. |
| **Аяқталуы**<br>**Бағалау**<br><br>**5 минут**<br><br>**Кері байланыс** | **Нысанаға жету тәсілімен бағалаймын.**<br> | Кері байланыс парағы. |

**Қосымша ақпарат**

| | | |
|---|---|---|
| **Саралау – Сіз қосымша көмек көрсетуді қалай жоспарлайсыз? Сіз қабілеті жоғары оқушыларға тапсырманы күрделендіруді қалай жоспарлайсыз?** | **Бағалау – Оқушылардың үйренгенін тексеруді қалай жоспарлайсыз?** | **Пәнаралық байланыс**<br>**Қауіпсіздік және еңбекті қорғау ережелері**<br>**АКТ-мен байланыс.**<br>**Құндылықтардағы байланыс.** |
| **Қосымша көмек көрсетуді** қажет ететін оқушыға салыстыру тест арқылы ынталандырып, қолдау көрсетемін. | Қалыптастырушы бағалау:<br>Бақылау, ынталандыру, қолдау көрсету, сенім білдіру. **Нысанаға жету тәсілімен бағалап отырмын.** | Оқушылар арасында жағымды психологиялық ахуал тудыру, сабақ кезінде сыныпта белгілі бір тәртіпке бағынуын қамтамасыз ету. |

| | |
|---|---|
| **Рефлексия**<br>Сабақ/оқу мақсаттары шынайы ма?<br>Бүгін оқушылар не білді?<br>Сыныптағы ахуал қандай болды?<br>Мен жоспарлаған саралау шаралары тиімді болды ма? Мен берілген уақыт ішінде үлгердім бе? Мен өз жоспарыма қандай түзетулер енгіздім және неліктен? | **Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз.**<br>**Сол ұяшықтағы Сіздің сабағыңыздың тақырыбына сәйкес келетін сұрақтарға жауап беріңіз.** |

**Қорытынды бағамдау:**
Қандай екі нәрсе табысты болды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
1: 2:
Қандай екі нәрсе сабақты жақсарта алды (оқытуды да, оқуды да ескеріңіз)?
1: 2:



# ҚАНЫҚПАҒАН көмірсутек – алкиндер

*ОМАРОВА Лаззат Шабазқызы,*
*№8 колледжінің химия-биология пәні оқытушысы.*
*Түркістан облысы, Төлеби ауданы*

**Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары:**
10.4.2.26 алкиндердің құрылымдық формулаларын құрастыру,
алкиндердің химиялық қасиеттері мен алыну жолдарын зерделеу.

**Сабақтың мақсаты:**
Барлық оқушылар істей алады:
-Алкин тақырыбын тұжырымдайды;
-Үш еселі байланыстың түзілу құрылысын жинақтайды.
Оқушылардың көпшілігі істей алады:
- Алкиндердің гомологтік қатарын құрастырады;
- Гомологтік қатарда алкиндердің физикалық химиялық қасиеттерін қарастырады.
Кейбір оқушылар істей алады:
-Алкиндердің алыну жолдары мен химиялық қасиетіне есеп шығара біледі;
-Алкиндердің қоршаған ортаға әсерін тұжырымдайды.

**Ойлау дағдылары:** Жинақтау

**Бағалау критерийі:**
1. Алкиндердің құрылымдық формуласын жазып, номенклатурасы бойынша атайды, мүмкін болатын изомерлерін құрастыра алады;
2. Алкиндердің химиялық қасиеттерін зерделейді;
3. Алкиндердің алыну жолдарын біледі, ұсынады.

**Тілдік мақсаттар:** Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер:
изомерленуі, номенклатурасы, үш байланыс.
Диалогтер мен қолданылатын тіркестер: алкиндер-... ацетилен-... көмірсутек-... .

**Құндылықтарға баулу:**
Бір-бірін тыңдайды;
Оқушылар өз ойын ашық жеткізеді;
Топтық жұмыс кезінде талқылау мәдениетін сақтайды.

**Пәнаралық байланыс:** Математика (есеп шығару) 5.2.1.1 қосу және көбейту амалдары
Арнайы пәнмен (газбен дәнекерлеу).

**АКТ дағдылары:** Бейнекөрсетілім.

**Алдыңғы білім**
10.4.2.25 алкадиендердің табиғатта таралуын, каучук пен резинаның алынуын зерделеу.

**Сабақ барысы:**

<table>
<tr><th>Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет</th><th>Ресурстар</th></tr>
<tr><td>
<u>Сабақтың басы - 2 минут</u> Оқушылармен амандасу. Ынтымақтастық орта қалыптастыру. Өткен тақырыпқа шолу: «Ой қозғау» әдісі:<br>
Осы кроссвордты шешсеңіз бүгінгі тақырып атауы шығады.<br>
<table>
<tr><td>1</td><td></td><td>б</td><td>у</td><td>т</td><td>а</td><td>н</td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>2</td><td>г</td><td>о</td><td>м</td><td>о</td><td>л</td><td>о</td><td>г</td><td></td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>3</td><td></td><td></td><td>к</td><td>ө</td><td>к</td><td>с</td><td>а</td><td>ғ</td><td>ы</td><td>з</td></tr>
<tr><td>4</td><td></td><td>р</td><td>а</td><td>д</td><td>и</td><td>к</td><td>а</td><td>л</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>5</td><td></td><td>д</td><td>и</td><td>е</td><td>н</td><td></td><td></td><td></td><td></td><td></td></tr>
</table>
1. Алкандардың 4-өкілі?<br>
2. Ұқсас көмірсутектер қатары?<br>
3. Диен көмірсутектерінен алынатын өнім?<br>
4. Көмірсутектердің 1 валентті қалдықтары?<br>
5. Екі жерден қос байланысы бар көмірсутектер?<br>
Дескриптор:<br>
Кроссворд сұрақтары арқылы өткен тақырыпты қайталайды;<br>
Жаңа тақырыптың атауын тұжырымдайды.<br>
Қ.Б: «Қол шапалақ» әдісі.<br>
Жаңа сабақ тақырыбы ашылған соң.<br>
Сабақ мақсаты мен бағалау критерийі айтылады.
</td><td>Топқа бөлуге арналған кеспе түрлі-түсті қағаздар. Қызыл және сары кеспе қағаз түстері арқылы 2 топқа бөліп, сол қағаздарда жазылған тапсырмалар бойынша бағалау парағы топ басшыларына беріледі.</td></tr>
</table>

**Сабақтың ортасы - 35 минут**

**<u>I. Мәтінмен жұмыс:</u>** Барлық оқушылар алкиндердің құрылысы, номенклатурасы мен изомериясын, қасиеттері мен қолданылуын видео көрсетілімді көріп, оқулықты оқып танысып шығады.

**<u>1 топ. «Фишбоун» әдісі</u>** тапсырма: алкиндердің құрылысы, номенклатурасы мен изомериясы (Жаңа мәліметті, идеяларды сұрақ-жауап арқылы жаза отырып, қорытынды ойларын жинақтайды.)

**А)** Оқулықтағы жаңа сабақтың мәтінін оқуға тапсырма береді. Тірек сөздермен танысып, сұрақтарға сай жауабын дәптеріне жазып алады.

1. Көмірсутектер дегеніміз не?
2. Қандай қанықпаған көмірсутектерді білесіз?
3. Алкиндер дегеніміз?
4. Ацетилен молекуласының құрылысы қандай?
5. Гибридтену типі?
6. Байланыс бұрышы?
7. Байланыс ұзындығы?
8. Молекула формасы?
9. Химиялық байланыс типі? π-байланыс дегеніміз?
10. Алкиндерге қандай изомерия түрі тән?

**Б) Сәйкестендіру тапсырмалары**

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | $C_2H_2$ | а | Бутин |
| 2 | $C_3H_4$ | ә | Пентин |
| 3 | $C_4H_6$ | б | Пропин |
| 4 | $C_5H_8$ | в | Этин |
| 5 | $C_6H_{10}$ | г | Гексин |

Жауаптары: 1-в; 2-б; 3-а; 4-ә; 5-г. (тақтада жауабы көрсетіледі)

**В)** Жүйелік номенклатура бойынша атауын беріңіз. Изомер затты анықтаңыз?

а) **$CH_3—C \equiv C—CH_2—CH_3$;**

в) **$CH \equiv C—CH—CH_3$;**

с) $CH_3— CH_3—$**$C$** $\equiv C—CH$ **$CH_3$**$—CH_3$

д) $CH \equiv C—CH$ **$C_2H_5$**$—CH_2 — CH_3$

**Атауы бойынша құрылымдық формуласын құрастырыңыз:**

а) пропин в) бутин-2 с) 2,2-диметилгексин-3 д)3,4-диэтилгексин-1

**Дескриптор:**
1. Алкиндердің құрылымдық формуласын дұрыс жазады.
2. Изомерлердің құрылымдық формуласын дұрыс құрастырады.
3. IUPAK номенклатура бойынша алкиндерді және изомерлерін атайды.
4. Алкиндердің молекулалық формуласы мен атауын сәйкестендірді.

***Қалыптастырушы бағалау:*** *«Мадақтау әдісі» арқылы бағаланады. Жарайсың! Өте жақсы! Керемет!*

Оқулық
Видео:https://bilimland.kz/kk/courses/chemistry-kk/organikalyq-ximiya/organikalyq-ximiyanyng-negizgi-taraulary/lesson/alkinder

Карточка

***<u>II. «Мозайка» әдісі</u>***

1.Барлық оқушылар алкиндердің алыну жолдарымен танысып алады.

